



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АДАЛ ЕҢБЕКТИҢ
ҚАДІРІН БІЛЕТІН
ЕЛ ОЗЫҚ ОЙЛЫ
ҰЛТ БОЛАДЫ

2-бет



«Ақ жол»:

МИНЕРАЛДЫҚ
ШИКІЗАТ ЭКСПОРТЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
БАҚЫЛАУҒА
АЛЫНУЫ ҚАЖЕТ

3-бет



ДВА ПОДХОДА
ОСВОЕНИЯ
МИНЕРАЛЬНЫХ
РЕСУРСОВ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

14-бет

ҚАЗАҚҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№35 (1164) 8.09.2025



ШЫҢ БАСЫНДА – ҚОС АҚЫН...

Абайды оқу бір басқа да тану бір басқа... табыну бөлек әңгіме...
Өйткені, Ибраһим біз әлі түсінбеген, тілін білмеген, ескермеген, елемеген, ұқпаған, ұға алмай жүрген дүниелерді баяғыда қағазға түсірген екен. Сонау 19 ғасырда Шыңғыстаудың етегіндегі Құнанбайдың қара баласы қиырда жатқанмен көңілі Еуропамен Петерборда болған сияқты... Жай жатпай замана ақындарымен үндес болғанына риза боласың...

5
бет

«АЛАШТЫҢ АТЫН АЙТҚЫЗБАЙМЫН»

ДЕГЕН ШЕКЕСІ ТАР ШЕНЕУНІКТЕР ҚАЗІР ҚАЙДА ЕКЕН?!



«ОРТАЛЫҚ-БАТЫС» КҮРЕ ЖОЛЫ
ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?!

«ӘУЛИЕ АТТАҒАН ОҢБАЙДЫ...»

ҰЛТ КӨСЕМДЕРІНЕН ЕЛІМІЗДЕ
ЖЕРЛЕНГЕНІ –

ЖАЛҒЫЗ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ
1989 ЖЫЛЫ МІРЖАҚЫП
ДУЛАТҰЛЫНЫҢ СҮЙЕГІ КАРЕЛИЯ-
ДАН ТАБЫЛДЫ.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ҚЫЗБЕЛДЕ
ТУЫП-ӨССЕ, ОНЫҢ КЕСЕНЕСІ НЕГЕ
БҮЛ ЖЕРДЕН ДЕ 50 ШАҚЫРЫМДАЙ
АЛЫС ЕҢ ШЕТТЕ, БИДАЙЫҚ АУЫ-
ЛЫНДА ТҮР?

ҰЛТ КӨСЕМІ МІРЖАҚЫП ТОЙЫ
ЕЛДІГІМІЗДІ КӨРСЕТЕТІНДЕЙ ЕРЕК-
ШЕ БОЛУЫ ТИІС!

«ОЯН, ҚАЗАҚ» ДЕП ҰРАН
ТАСТАҒАН ҰЛТ КӨСЕМІНЕ ЖА-
САЙТЫН ҚҰРМЕТІМІЗГЕ ҚАРАП,
ОЯНҒАН-ОЯНБАҒАНЫМЫЗ БЕЛГІЛІ
БОЛАДЫ!

ТОРҒАЙ ТОЙҒА ДАЙЫН БА?!

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕДІ...

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ АУЫЛЫНА БА-
РАР ЖОЛ ҚАШАН БІТЕДІ?!

8-11
бет

МӘҢГІЛІКТІҢ МӘСЕЛЕСІ

Ата-бабаларының рухани байлығы мен халқының жер бетінен жоғалып кетпеуін ойлаған әр қазақ бір нәрсені ұғуы қажет.
Бұл – қазіргі жаһандану дәуірінде рухани азғындыққа ұшырамай, ұлттық ерекшелігі негізінде мемлекет құруды мақсат тұтқан халықтың, әлемдегі өз ықпалын жүргізіп отырған осы кезеңге тән өркениеттің ерекшелігімен санаспауы мүмкін емес екеніне байланысты ғылыми негізде өз жолын табу.

3
бет



ПОСЛАНИЕ – 2024: БОЛЕЕ ПОЛОВИНЫ БЮДЖЕТА – НА СОЦИАЛЬНУЮ СФЕРУ

2 сентября 2024 года глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм», где социальной защите населения, в целом социальным вопросам уделено огромное внимание.

7
бет



ЖАС ТІЛШІЛЕР БАҒБАНЫ

Ғалым, ұстаз, тәлімгер
Жидегүл Әбдіжәділқызы
туралы сыр

6
бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ ҚАДІРІН БІЛЕТІН ЕЛ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ БОЛАДЫ

Ақордада өткен салтанатты жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдағы еңбек адамының орны туралы пікір білдірді.

Мемлекет басшысының айтуынша, маңдай термен келген адал еңбектің қадірін білетін жұрт озық ойлы ұлт болады.

— Еңбекқорлық — ең асыл қасиеттің бірі. Мен әр сөзімде осы мәселеге ерекше мән беремін. Маңдай термен келген адал еңбектің қадірін білетін жұрт озық ойлы ұлт болады. Халқымызда «Еңбегіне қарай — құрметі» деген жақсы сөз бар. Еңбек адамы — ел адамы. Еңбек адамы, ең алдымен, туған елінің жарқын келешегі үшін аянбай жұмыс істейтін адам. Сондықтан, қазір біз елімізде жұмысшы мамандарын кеңінен дәріптеп, оларға ерекше құрмет көр-



сетіп жатырмыз. Мен жыл басынан бері еліміздің әр саласында жұмыс істеп жүрген азаматтарды арнайы шақырып, марапаттап жатырмын.

Мұны халқымыздың Сіздерге көрсеткен ыстық ықыласы, шынайы құрметі мен алғысы деп түсінген жөн, — деді Президент.

ЕЛІМІЗДЕ ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Үкімет Президенттің ғылымды елдің экономикалық дамуының қозғаушы күшіне айналдыру жөніндегі тапсырмасын орындауда. Осы бағытта ғылыми қоғамдастықты қолдау бойынша жүйелі шаралар қабылданған. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлім етті.

Министрдің айтуынша, соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру 3,3 есеге өсті. Бұл 809 ғалымды әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына тағылымдамаға жіберуге және материалдық-техникалық базаны кең көлемде жанартуға мүмкіндік берді.

Ғылым саласында тиімді экожүйе құру үшін Мемлекет басшысының жанынан Ұлттық Ғылым академиясы мен Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңес құрылды. Сонымен қатар зерттеулерді экономиканың практикалық қажеттіліктеріне бағыттауын «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды.

Ғалымдарды тікелей қолдау шаралары да қарастырылған: олардың жалақысы 18 пайызға өсті, ғылыми атактар үшін берілетін үстемеақылар ұлғайды.

Ғылым мен өндіріс байланысына ерекше назар аударылып отыр. Ғылыми әзірлемелерге инвестиция салатын бизнес үшін 150 пайыздық салық шегерімі енгізілді. Нақты сектормен бірлескен жобалардың үлесін 2025 жылы 20 пайызға жеткізу міндеті қойылды. Бұл шаралар ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруға және Қазақстанның технологиялық егемендігін нығайтуға бағытталған.

«Біздің барлық ғалымдар қазір ірі кәсіпорындармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Өткен жылы осындай тоғыз арнайы кездесу өтті, оған 400-ден астам маман қатысты. Нәтижесінде Қазақмыс, ERG, Қазатомөнеркәсіп, Қармет, Қазмырыш сияқты ірі компаниялардың мамандарымен бірлесіп 100-ден астам ғылыми мәселе әзірленіп, 10 ғылыми тапсырма бекітілді», — деді Саясат Нұрбек.

ПАРЛАМЕНТТІҢ ТӨРТІНШІ СЕССИЯСЫ РЕСМИ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында сегізінші сайланған Парламенттің төртінші сессиясы ресми түрде ашылды.

— Бүгіннен бастап Парламенттің төртінші сессиясы өз жұмысын бастайды. 8 қыркүйекте Парламенттің бірлескен отырысы өтеді. Онда Президентіміз жылдағы дәстүр бойынша халыққа Жолдауын жариялап, алдымызға жаңа міндеттер қояды, — деді Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов.

Айта кетейік, осы күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

Қытайға ресми сапары өтіп жатыр. Осыған байланысты «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 6-бабы 5-тармағына сәйкес, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Президент тапсырмасымен сессияны ашты.

Бірлескен отырысқа Сенаттың 50 депутаты және Мәжілістің 97 депутаты қатысты. Сондай-ақ жиынға Президент Әкімшілігінің басшылығы, Премьер-министр Олжас Бектенов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері шақырылды.



БАСПАНАМЕН ҚАМТУ ІСІ СОТҚА ДЕЙІН ЖЕТТІ

Ақтөбе облысында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамтуға бағытталған жоба сотқа жетті. Қылмыстық іс бойынша бұрынғы депутаттар Бақытжан Қадралин мен Азамат Жәлімбетов, сондай-ақ Мұғалжар аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Әнес Сейілхан жауапқа тартылып отыр. Әзірге сот отырысының нақты уақыты белгісіз.

Мұғалжар ауданында бес қабатты ғимаратты қайта жөндеп, оны кезекте тұрғандарға беру жобасы 2023 жылы жүзеге асуы тиіс еді. Әкімдік

пен мердігер 70 пәтерді пайдалануға беруді жоспарлаған. Алайда, Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің тексеруі барысында бірнеше заңсыздық анықталып, қаржыны қайтару туралы шешім қабылданған.

Араға бір ай өткен соң үй де, қаражат та жоқ екені белгілі болып, істі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті өз бақылауына алды.

— Қылмыстық іс Мұғалжар аудандық сотына түсті. Іс қабылданған соң толық ақпарат беріледі, — деп мәлімдеді Ақтөбе облыстық сотының баспасөз қызметі.

МИНИСТР ОРЫСШАҒА ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРІП, МЕМЛЕКЕТШІЛДІКТІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ!

ҚР Ішкі істер министрі Ержан Сәденов ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында Ресей тілінде сұрақ қойған депутат Болат Нәжимеденовке Қазақ Елінің мемлекеттік тілінде жауап берді! «Бірақ бұны ұғатын бала бар ма?» дегендей болды бәрі... Министр көрсеткен Мемлекетшілдіктің күшті үлгісін түсінуге депутаттың санасы жетпеген болар, орысша сұрақ қойғаны аз болғандай, кейін тұтас депутаттық сауалын да түгел Ресей тілінде жасады!



Әйтеуір ең соңғы сөйлемін де орысша бастап, «С уважением «Аманат» партиясының мүшесі Болат Нәжимеденов» деп, бүкіл депутаттық сауалдағы ең соңғы жалғыз сөйлемнің өзінің тек жартысын ғана қазақша айтуға шамасы келді! Ең қызығы, Нәжимеденовтың орысша сұрағынан кейін, депутат Смолякова Екатерина мемлекеттік тілде сұрақ қойды.

Ал осы жалпы отырыста төрт рет баяндама жасаған Мәжіліс

депутаты, Қаржы және бюджет комитеті төрайымы Татьяна Михайловна Савельева барлық баяндамаларының жартысын қазақша жасауы жақсы әсер қалдырды!

Заң шығаратын парламентте заң сақталмаса, енді қайда баруымыз керек?! Мемлекеттік тіл статусы бар қазақ тілінің мемлекеттік органдардың өзінде қағажу көруін доғару қажет!

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
«Қазақ үні»

ҚОҚЫС ПОЛИГОНЫНДАҒЫ ӨРТ ТОЛЫҚ СӨНДІРІЛДІ

Ақтөбеде тұрмыстық қатты қалдықтар полигонында болған өрт екі тәуліктен кейін толық ауыздықталды. Қазіргі уақытта аймақта су себу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Өрт 3 қыркүйек күні тұтанған. Қатты желдің салдарынан оны сөндіру қиынға түсті. Сол күні өрт аланы оқшауланғанымен, бықсып жатқан жерлерді толық басу бүгінге дейін жалғасты.

— Өртті сөндіруге облыстық төтенше жағдайлар департаментінің, «Таза Әлем 12» ЖШС-нің және жергілікті атқарушы органдардың күші жү-



мылдырылды. Барлығы 70-тен астам маман және 44 техника тартылды. Қазіргі уақытта өрт ошақтарына су шашу, жерді қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Зардап шеккендер жоқ, — деп хабарлады облыстық ТЖД баспасөз қызметі.

ОН БЕС АДАМ СУҒА АҒЫП КЕТЕ ЖАЗДАДЫ

Шығыс Қазақстан облысында Журавлиха өзенінде төтенше жағдай болды. Су деңгейінің күрт көтерілуінен төрт жол талғамайтын көліктегі 15 турист, олардың арасында балалар да бар, өзен ортасында қалып қойған. Оқиға Ридер қаласына жақын маңда болған.



Абырой болғанда, сол жерден өтіп бара жатқан жүк көлігінің жүргізушісі Александр Бердюгин мен тракторшы Иван Васильев дер кезінде көмекке келді.

— Біз джиптерді бір-біріне байлап, алдымен балаларды жүк көлігінің кабинасына отырғыздық. Ағыстың екпіні қатты болғандықтан, көліктердің бірін арқанын шешіп,

жеке шығару керек болды. «Уралды» өзенге көлденең қой, басқа амал таппадық, — дейді Александр Бердюгин.

Құтқару жұмыстары бес сағаттан астам уақытқа созылып, үш көлік пен 15 адам аман-есен жағаға шығарылды. Ал төртінші көліктің иесі тәуекел еткісі келмегендіктен, оның көлігі арғы бетте қалып қойған.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ
ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Ата-бабаларының рухани байлығы мен халқының жер бетінен жоғалып кетпеуін ойлаған әр қазақ бір нәрсені ұғуы қажет.

Бұл – қазіргі жаһандану дәуірінде рухани азғындыққа ұшырамай, ұлттық ерекшелігі негізінде мемлекет құруды мақсат тұтқан халықтың, әлемдегі өз ықпалын жүргізіп отырған осы кезеңге тән өркениеттің ерекшелігімен санаспауы мүмкін емес екеніне байланысты ғылыми негізде өз жолын табу. Сондықтан біз ұлтымыздың келешегі үшін жасайтын әрекетіміз алып ұшқан сезімге (эмоцияға) емес, терең білімге сүйенген парасаттылыққа негізделген қадамдар болуы тиіс. Өкініштісі, ұлт жанашырымыз деп жанын салып жүрген азаматтардың өздері көбінесе сезімге беріліп, мезеттен туған кейбір ұлттық намысқа тиетін мәселелердің төңірегінде айғай көтеруден аса алмай жүр. Негізінде, осы жайлардың шығу төркініне үңіліп, себептерінің қайталанбауына бағытталған парасатты істерге күш жұмсау дұрыс болар еді.

Тағы бір қателік – осы ұлт жанашырларының «қуыршаққа» айналып, қазақ мәселесі ешқашан да бағыт ұстанымы болмаған кейбір саяси топтардың, оларды өздеріне бедел жинау жолында пайдаланумен қарапайым халықты адастырып жүргенін ұқпауы. Ұлт мәселесі бар қазаққа ортақ және ең қасиетті өте нәзік ұғым. Ұлт мүддесін қорғау – бай болсын, кедей болсын, билікте, не болмаса оппозицияда жүрсін, ол намысы бар әр қазақтың азаматтық борышы. Сол себептен кейбір ұлт мәселесімен айналысып жүргендердің «ұлтшылдар – бізбіз, басқалар не істеді?» деп тәкаппарлықпен кеуде қағуы – сауатсыздық.

Әр азамат өз деңгейі мен мүмкіншілігін пайдаланып өзі жүрген ортада ұлтының намысын қорғау арына сын екенін ұғуы қажет. Ұлт мәселесін биліктің, оппозицияның партиялары саяси ойыншыққа айналдыруына жол бермеу керек. Бір шындықты тағы қайталап айаымын. Бірде-бір партия барша халықтың атынан сөйлей алмайды, бұлай ету қателік, неге десеңіз, олар азғана топтың (билік партиясы – биліктің, оппозиция өз бағытының) мүддесін қорғайды. Олар халықтың бөлшегі ғана, бірақ ұлттық мәселені өз көзқарастарына қарай саяси құжаттары мен іс-шаралары арқылы іске асыруы мүмкін. Халық арасында, ұлттық партия құрылып өз бағдарламасын бекіте алса ғана саяси партия ретінде ұлттық мүддені қорғауға құқылы деген ұғым қалыптасып келеді. Бірақ, еліміздегі заңнамалар ұлттық партия құруға жол бермейді. Бұл өте дұрыс бағыт. Және бұл жерде есте сақтайтын мәселе, ұлттық партия арқылы ел билеуге ұмтылудың астарында жатқан үлкен қауіп бар. Ондай жағдайда, адам баласына тән пендешіліктің салдарынан ұлттық эгоизм дамып, соның кесірінен қоғамдық сана неофашизм «уын ішу» қауіпі туады. Қарап отырсақ, осы шындықты, еврей ағайындардың мемлекеттік саяси ұстанымы әлемге йгілеп отыр. Биліктің қазақ халқының мүддесін қорғау мәселесінде өзінің ұстанымын нақтыламағандықтан, көптеген қоғамды алаңдататын жағдайларға әкеліп отырғаны белгілі. Мысалы: қоғамда айғай тудырған «доктрина» мәселесі және соған байланысты мемлекет деңгейінде құрылған комиссия арқылы ұлт мәселесі туралы келіссөз жүргізуді демократиялық қоғамға тән үрдіс деп тану үлкен қателік. Демократиялық қоғамда әлеуметтік және саяси мәселелер бойынша кейбір топ өкілдерінің билікпен келіссөз жүргізуі ол заңдылық, өйткені бұл топтардың өздерінің бағытына сәйкес мүдделері бар. Ал, Ұлттық мемлекет құрамыз деп Тәуелсіздік декларациясын жариялаған ел азаматтарының, билікпен ұлт мүддесін қорғау

үшін келіссөз жүргізуі саяси сауатсыздық емес, бейшаралық. Бұл бұрынды-соңды жер бетінде болған да, естімеген де жағдай. Қазақ халқы сонда өз еліне, жеріне өгей болғаны ма? Әлде, қазақ елінің билігінде басқа елдің азаматтары отыр ма? Не болмаса, біздің елдің билігі жеке біреудің меншігінде болып, Ата заңда жазылған мемлекеттің иесі халық деген сөз көз бояушылық па?.. Осындай мәселенің туындауының басты себебі, биліктің ұлттық мемлекет (әлемдік тәжірибеге сай) құрудағы негізгі ұстанымын әлі күнге дейін бекіте алмай, тек «демократия» деген желеумен батыс саясатына бейімделуі мен еліктеуінде болып отыр. Сонымен қатар, ұлт мәселесін көтеріп, көзге көрініп жүрген зиялы азаматтардың да ұсақтанып, қазақ халқының этностық шеңберінен асып, саяси ұлт деңгейіне көтерілуіне жол көрсететін биіктен табыла алмай жүргендері өкінішті. Ал билік болса халық пікірімен санаспай еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігіне нұқсан келті-



МӘНГІЛІКТІҢ МӘСЕЛЕСІ

руі мүмкін. Саяси, не экономикалық теңдікті сақтамайтын кедендік одаққа алып келді. Оның алаңдатушылық туғызатыны – адамзат тарихында отарлықтан құтылған ел аяғынан тік тұрмай жатып, отаршылықтың зардабын жоятын заң қабылдамай отырып, қайтадан метрополиямен өз егемендігін шектейтін одақ құрмаған. Оның себебі белгілі. Бұл мәселеге тереңірек үңілсек, басты себеп мемлекет құрудың негізінде – ұлттық саясат ұстанымының жоқтығы. Ұлттық идея – қандайда бір халықтың өзіне тән ерекше құндылықтарын сақтай отырып, барша адамзаттың қол жеткізген, прогресс әкелетін құндылықтарын пайдаланып, ұлттық мемлекет құруына жол ашатын бағыт – деп айтып та, жазып та жүрсек, оған құлақ асатын ешкім жоқ. Қазақстанның әлемдегі ұлттық мемлекеттер қатарына қосылып, қазақ халқының саяси ұлт деңгейіне көтерілуі – еліміздің қауіпсіздігінің, экономикасының, ішкі және сыртқы саясатының, ғылымының, заң жүйесін құруының, экологиялық қауіпсіздігінің, білім беру мен ұрпақ тәрбиелеу жүйесінің, мәдениетінің, ақпарат тарату, қоғамдық сана қалыптастыру мен рухани даму идеологиясы екенін, осы саяси ұстаным негізінде даму қажеттілігін ұқпаған билікке сенуге болмайтынның ұғатын уақыт жеткен сияқты. Өкініштісі, кейбір ұлт мүддесін қорғап жүрген азаматтардың ұлттық құндылықтар мен ұлттық идеяның айырмашылығын ұға алмау салдарынан бірлігіміз болмай жүргені де алаңдатады. Қазіргі жаһандану заманында тек бір халыққа тән құндылықтармен мемлекет құру мүмкін емес, өйткені қандайда болсын бір халықтың құндылықтар шеңберінде қалуы, ол халықтың келешегіне шектеу қою болады. Сондықтан қазақ ұлтының мәселесін терең ойласақ, мезеттік сезім (эмоция) жетегіне ілеспей, бос айғайға салмай, халқымыздың құндылықтарын парасаттылықпен екшеп жақсысынан үйреніп, жаманынан жиенуіміз келешек үшін өте қажет. Өйткені ұлттық мүддені түсіну бірлігі болмай, қазақ халқының бірлігі де, келешегі де болмайды. Ал бірлігі жоқ елдің байлығы да, бас билігі де, азулының аузында, қанатының тұмсығында кететіні белгілі. Неге десеңіз, бар кінә өзімізде екенін әлі ұқпай жүрген халықпыз. Бар пәле, біз халқымыздың бабалардан қалған рухани байлығын жадымызға сіңірмей, тек тілімізде ғана сақтауымызда болып

отырғанын мойындағымыз келмейді. Оған дәлел – қазақтың қаймағымын деп шіренетін зиялылар, дәулеттілер, өнер саласындағылар отбасында, өз жұртының рухани құндылығы мен тілінен безген балаларының өсіп жатқанына кім кінәлі? Өзін қазақпын деп кеуде соғып жүрген азаматтардың – аталы сөзге тоқтап, менмендік пен қызғаншақтықты шектеп, атақ, дүниеқорлық пен шенқұмарлыққа қанағатқа жол беруі қажет. Ащы да болса, шындықты айтсақ – ар, намыс, ұят сақтаудағы өз кемшіліктерімізді мойындағымыз келмейтінінен, ұрпақ тәрбиесіне үлкен нұқсан келтіріп жүргенімізді неге ұқпаймыз? Сөйте тұра, өзін маңайындағылардан жоғары ұстап, әр қадамына жұрттан, биліктен мадақ, марапат күтулерін қалай ақылға сыйғызамыз?..

Осының салдарынан, қазақ серкелерінің бірінің пікірімен бірі санаспай, ел мүддесі жолында өздерінің «намыс» тежей тұруға өзіміздің бой бермей, өз еңбегін өзі бағалаудан аспай жүргендері бас біріктіруге зиян келтіруде. Тағы бір кемшілік – осы серкелердің командамен жұмыс істей алмай, кемшілігін айтқандарды жауға балап, қасына ергендердің намысын өз намысым деп ұқпаудың салдарынан маңайындағы сенімді серіктерінен айрылып, тек өзін мадақтап тыңдайтын өзінен ой-өрісі төмен, дарынсыздардың қоршауында қалып жүргендеріне кім кінәлі?..

Біз, батыстық (еуроцентризм) бағытта білім, тәрбие алғандықтан ұлтымыздың дана құндылықтарын игеруде кемшілігіміз көп екені аян. Сондықтан, ел бірлігін ойласақ, алдымен өз кемшілігімізді өзіміз тежеп, өзіміздіктен кеудемізді тазартуға ұмтылайық. Қазақтың мәртебесін көтеру үшін, үнемі қазақты мадақтау емес, тек қана бабалар даналығын берік ұстап парасаттылықпен, білімімізбен, бірімізді біріміз сыйлаумен, жігерімізбен, аз сөйлеп, ісімізбен басқа халықтарды қазақты сыйлайтындай жағдайға әкелуіміз керек. Біз үшін ғасырлар бойы қалыптасқан жатжұрттық мінез-құлықтан арылып, келешек ұрпаққа ұлағатты өнеге тастайтындай деңгейге жету ең қажетті іс екенін ұғуымыз қажет. Келешек – жастардікі. Біз жастарға, жаңа қоғамдық сана меңгеруге жол салайық. Ұлттық мүддені қорғау жолындағы тағы бір кемшілігіміз, ол қазақтың шешімін таппай жатқан мәселесі мен кейде ұл-

таралық қарым-қатынастарда туындайтын қолайсыз жағдайларға байланысты пікірімізді білдіргенде басқа халықты кінәлау үрдіс алған. Бұл – үлкен қателік, ол қазақ халқының беделіне көлеңке түсіреді және халықтардың арасына сына қағады. Осы надандық қылықтан арылуымыз қажет. Бізді бодандыққа Ресей патшалығының империялық саясаты мен тоталитарлық жүйенің бір орталықтан басқару – шовинистік бағыты қалмаған, орыс халқы өздерін басқарған саясаткерлері үшін кінәлі емес. Әр халықта жақсылар да, жамандар да бар. Бұдан біздің ел де құтыла алмайды. Өз еліміздің намысын қалай ойласақ, басқа жұрт өкілдерінің намысын да солай ойлап үйренсек қазақ ұтады. Және осы ұғымды басқа жұрт өкілдеріне түсіндіре білуіміз қажет. Мысалы, біз өз мемлекетімізде тұрып жатырмыз, ал елімізде басқа жұрт өкілдеріне билік тарапынан қандай да бір қысымшылық жасалып жатса, оған кінәлі қазақ халқы емес, тек биліктегілер кінәлі деп айтпас па едік. Қоғамдағы ұлтаралық қатынаста абай болайық. Әр кезде еске сақтайтын қағида, жаһандану кезеңінде азғана қазақ халқы келешегін өзі қорғай алмайды, сондықтан барша әлемдегі және еліміздегі тегіміз бір бауырлас түрік халықтарының ынтымағын арттырып, туысқандық бірлігімізбен бірімізді-біріміз қорғау бәріміздің қасиетті борышымыз. Тек сонда ғана мәңгілік ел бола аламыз.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ САҚТАЙ АЛАМЫЗ БА?

Қазіргі қазақ халқының алдында ұлт болып ұйысып, жаһандану заманында өз тәуелсіздігін сақтай алатын дербес мемлекет бола ала ма деген үлкен мәселе тұр. Біздің еліміз мемлекет болып қалыптасып келе жатқан ел, әзірше өзіндік ерекшелігін бекітіп, өз егемендігін толықтай сақтай алатындығы өте үлкен сұрақ. Осыған қарсы дау айтамындар табылар, бірақ олардың бұл қадамдары адамзаттың дамуы, табиғи заңдылық дамуымен тығыз байланысты екенін ұқпауы. Бұл жалғыз біздің елге тән жағдай емес, ол барлық бодандықтан құтылып, тәуелсіз мемлекет құру жолына түскен елдерге тән әлемдік қоғамның даму ерекшелігіне байланысты туындайтын заңдылық. Бұл – бұлтартпас ақиқат. Осы заңдылықты меңгермей, біз

экономикалық дамып, саяси бедел жинап, әлемдік қауымдастықта өз орнымызды бекітіп алдық деп ұрандатып жүрген кейбіреулердің адасып жүргені осы ақиқатты түсінбеуінен туындайды. Олардың осы қылығы еліміздің келешегіне зор зиян әкелетінін ұғатын көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың осыған көңіл аударуы қажет. Дамудың негізгі заңдылығы өз тәуелсіздігін сақтау үшін қандай да болсын мемлекет өзінің рухани, экономикалық және саяси тәуелсіздігін сақтауы. Рухани тәуелсіздігін сақтау үшін бодандықтан құтылған ел отарлық идеологиядан (оның ақпараттық ықпалынан) құтылудың басты шарты ақпараттық кеңістікті ұлттық даму жолына қызмет істеуге бұру (рухани тәрбие, мемлекеттік тіл, ғылым мен халқына таза берілген білікті кадрлар мәселесін шешу).

Экономикалық тәуелсіздікті сақтау үшін шикізат сатуды (алғашқы даму кезіндегі капитал жинау мүмкіншілігін пайдаланудан арылу) шектей отырып, өндіріс, орта, шағын кәсіпті дамыту, табиғи байлық пен ұлттық шаруашылық ерекшелігіне байланысты экономика-ның негізін қалау.

Саяси тәуелсіздікті сақтау үшін саясат дамуының негізгі шарты, билік халықтың мүддесін қорғап, оның шынайы сеніміне кіру – (халықты заңмен, жарлықпен, күшпен, алдап-арбаумен бағындыру емес) халық пікірімен санасып, кеңесіп, билік жүргізуді жасанды, бюрократиялық және еліктеуден арылу. Ал, биліктің батысқа еліктеп пайдаланатын жасанды, бюрократиялық, саяси шоу әдістері зиян әкелмесе (халық пен биліктің арасының алшақтауы), ешқашан пайда бермейді. Осы үш бағытты дұрыс саралайтын ұстаным болғанда ғана халық ұйысады, олай болмаған күнде халықтың ішкі наразылығы сыртқа ашық көрінбей, уақыт өте келе үлкен жарылысқа әкелуі ықтимал.

Егер осыған дарынымыз, ұғымымыз, жігеріміз, батылдығымыз жетсе елімізге жақсылық әкелетін істер қолымыздан келеді деуге болады. Ал, олай болмаған күнде (арың мен намысының тазалығы үшін) халықты сылдыр сөз, бос айғай, шоу, ұранмен алдап, пысықайлық пен атақ құрып, халықтың ішіндегі жарасының бетін тырнағанды қою – ол да азаматтық іс болады. Шығыстың бір ғұламасы «Өзін-өзі ұғу – даналықтың шыңы» деген екен. Халықтың алдына шығу үшін әрқайсымыз оңаша да арымызбен ақылдасып, ұяғатымызбен санасып, өзіміздің әлімізді, деңгейімізді анықтап алып, тек қолымыздан келетін іске ұмтылуымыз қажет. Өкінішке орай, қазір «көсемдікке» ұмтылып жүргендердің бәріне тән ауру – «атаққұмарлық» пен «бүркеме тақаппарлық».

Сөздерін естіп, сұхбаттарын оқыған адамдарға олар сырттай қарапайым көрінгенімен, ешкімді менсінбейтін, өздерін жоғары санайтын, іштарлығы ішінде жатқан, бірақ кемшіліктерін жасыра білетін қылықтары қазақ қоғамына зиян әкеліп отырғаны аян. Қазақтың бастарының қосылмай, бас-басына данышпан, ақылшы, көсем болуға ұмтылудың салдарынан береке мен бірлік болмай, бөтендерге жем болып отырғанымызды кім жоққа шығара алады. Қазақ зиялыларының басы қосылмаса, ұлтымыздың намысы жерге тапталуы жалғаса береді.

Әрқашан маңайындағы адамдарды кім болса да, деңгейіне қарамай тең санап, сөзге тоқтай біліп, ұлттық мүдде үшін өзінің менмендігінді жеңіп (пендешіліктен жоғары болып) бір командада жұмыс жасай білу. Біздің, осы талаптарды орындауға әліміз, деңгейіміз, ақылымыз төзімділігіміз, біліміміз, біліктілігіміз жетсе, алынбайтын қамал жоқ.

Болат ДҮЙСЕМБІ,
саясаткер-экономист,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

«Ақ жол»:

МИНЕРАЛДЫҚ ШИКІЗАТ ЭКСПОРТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУҒА АЛЫНУЫ ҚАЖЕТ

ҚР ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ
ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРІ
Е. НАҒАСПАЕВҚА
«Ақ жол» фракциясының
депутаттық сауалы

Әлемнің барлық жетекші елдері, соның ішінде АҚШ пен Қытай соңғы жылдары заманауи технологияларды дамыту үшін стратегиялық маңызы бар сирек жер металдарын өндіруге үлкен қызығушылық танытуда.

Бұл ретте Қазақстан сирек жер металдарының ең бай қоры бар елдердің қатарына кіреді, осыған байланысты Президент Қ.Тоқаев осы саланы дамыту, инвестиция мен технологияларды тарту жөнінде бірнеше рет тапсырма берді.

Сонымен қатар, мұнай-газ саласындағы Өнімді бөлу туралы келісімдердің (ӨБК) шығындылығы туралы қоғамдық пікірталас жағдайында Қазақстанның табиғи ресурстарын пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігі анық байқалады.

Мәселен, биылғы жылдың 7 наурызында «Ақ жол» фракциясы бағалы және сирек жер металдарын өзге шикізат пен концентрат түрінде бақылаусыз шетелге шығару фактілері туралы кейбір ақпаратқа қатысты депутаттық сауал жолдады.

Наурыздың 20-сы күні «Қа-



закмыс» корпорациясы бұл сауалға жауап беріп, атап айтқанда, кәсіпорынның сараптама, сынақ және сертификаттау саласындағы халықаралық көшбасшылардың бірінің аккредиттелген зертханалары негізінде шығарылатын шикізатқа толық химиялық талдау жүргізетінін хабарлады.

Осылайша, аталған жер қойнауын пайдаланушы заңнамада көзделген талаптарды толығымен орындайды.

Өнеркәсіп министрлігі биылғы жылдың 9 сәуіріндегі жауабында экспорттаушы экспортқа рұқсат алу кезінде шығарылатын шикізаттағы бағалы және ілеспе металдардың құрамы туралы аккредиттелген сынақ зертханасы берген құжаттарды ұсынатынын атап өтті.

Бұл ретте, «Бағалы металдар және асыл тастар туралы» ҚР Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес, түсті металдар рудалары мен концентраттары, құрамында бағалы металдар бар жартылай өнімдердің импорты/экспортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру құзыреті уәкілетті мемлекеттік органға жүктелген.

Бірақ Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми жауабынан мемлекеттік бақылау функциялары іс жүзінде жер қойнауын пайдаланушының тапсырысы бойынша жұмыс істейтін зертханаларға берілгені, бұл ретте мемлекеттік орган құжаттар қабылдаумен шектеліп, олардың деректерінің дұрыстығын ешқандай жолмен бақылай алмайтыны белгілі болып отыр.

Атап айтқанда, тәуелсіз не мемлекеттік зертханаларды тарту арқылы тәуелсіз верификация механизмі қолданылмайды.

Бұл жағдай мүдделер қақтығысына әкеп, белгілі бір күмәндар тудырады. Белгілі шикізат алпауыттарынан бөлек, бүгінде Қазақстанға жаңа жер қойнауын пайдаланушылар келуде: мысалы, 19 қыркүйекте ғана Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі алтын, никель, кобальт, марганец, темір рудасы, көмір және басқа да пайдалы қазбалардың 40-қа жуық кен орнын сатуды жоспарлап отыр; оңайлатылған лицензиялау шеңберінде барлауға және өндіруге барлығы 3200 лицензия берілді, оның ішінде көптеген шетелдік кәсіпорындар да аз емес. Ал олардың барлығы Қа-

зақстанның ұлттық мүддесін ескеретіндігіне ешкім кепілдік бермейді.

«Ақ жол» фракциясы инвестицияларды тарту мен жаңа өндірістердің құрылуын сөзсіз қолдайды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, «Ақ жол» депутаттық фракциясы минералдық шикізат экспортын толыққанды мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету үшін келесіні талап етеді:

1) Деректерді өзгертіп, өкілеттікті асыра пайдалануды болдырмау мақсатында, нақты жер қойнауын пайдаланушылармен келісімшарттары жоқ тәуелсіз аккредиттелген зертханаларды тарта отырып, экспортталатын кендер мен концентраттарға түпкілікті химиялық талдауды енгізу.

2) Қажет болған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органның жанынан тиісті мемлекеттік зертханалар құру мәселесін қарастыру.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары
А. ПЕРУАШЕВ
Д. ЕСПАЕВА
Е. БАРЛЫБАЕВ
Қ. ИСА
С. ЕРУБАЕВ
О. НУРАЛДИНОВ

ҚЫМБАТ МЕТАЛЛ ҚАЙДА КЕТІП ЖАТЫР:

ПЕРУАШЕВТІҢ ЗЕРТХАНАСЫ ШИКІЗАТ
КОНТРАБАНДАСЫН ӘШКЕРЕЛЕЙ МЕ?

Депутат Перуашев елден жасырын жолмен шығуы мүмкін бағалы металдардың жолын кесу үшін арнайы мемлекеттік зертхана құруды ұсынды, – деп хабарлайды Ertenmedia.

«Ақ жол» партиясының жетекшісі Үкімет басшысы Олжас Бектеновке осындай талап қойып отыр.

Перуашевтың айтуынша, Қазақстаннан экспортталатын кен мен концентрат құрамына тәуелсіз сараптама жүргізілмейді. Зертханалар шикізатты өндірушілердің тапсырысымен ғана жұмыс істейді.

Нәтижесінде, мемлекеттің қолына тек дайын құжаттар келеді, ал оның дұрыстығын тексеру мүмкіндігі шектеулі. Мұндай тәсіл бағалы металдардың жасырын түрде елден шығарылуына жол ашады.

Партия жетекшісі бұған дейін «Қазақмысқа» қатысты мәселе көтерген.

Корпорацияның бұрынғы қызметкері мыс концентратының құрамындағы қымбат металдардың құпия, астыртын түрде экспортталып жатқанын мәлімдеген еді. «Қазақмыс» мұны жоққа шығарып, экспорткер жалған ақпарат үшін айыпталған болатын.

Дегенмен, Перуашевтың

пікірінше, мәселе бір компаниямен ғана шектелмейді.

Қазақстанға жаңа инвесторлар ағылып жатыр, тек алдағы айда тағы 40 шақты кен орны жаңа компанияларға өтеді. Ал олардың заңды бұлжытпай орындайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.

Негізгі түйткіл шикізатты сараптайтын зертханалардың сол кенді өндіретін компаниялардың ықпалында болуында. Мұндай жағдайда, шикізаттағы бағалы әрі сирек металдардың нақты үлесін жасыру оңай.

Осыған орай, депутат экспортқа шығарылатын шикізатқа міндетті түрде мемлекеттік бақылау енгізуді ұсынып отыр.

Оның айтуынша, кен мен концентраттағы бағалы металдардың құрамын тексеретін Үкіметке бағынышты арнайы зертханалар құрылуы қажет. Мемлекеттік деңгейдегі бақылау ғана бағалы шикізаттың бейберекет сыртқа кетуіне тосқауыл болмақ.

P.S. Соңғы уақытта сирек кездесетін металды барлау жұмысын үдеткен биліктің әрекеті жемісін беруде. Еліміздің бірнеше өңірінде жоғары технология нарығына ауадай қажет тантал мен ниобийдің мол қоры табылды.

АВТОКӨЛІК ӨНДІРІСІНДЕ ӨЗГЕРІС БАР

Алматының индустриалды аймағындағы автокөлік өндірісі 5 мыңнан астам маманды жұмыспен қамтиды. Әрі әлемдік брендтердің көлігін шығаратын ірі зауыт келесі жылдың наурыз айында іске қосылады. Мұндай жаңалықтармен «Астана Моторс» компаниясының басшылығы Мәжіліс депутаты Азат Перуашевпен кездесуде айтты. Депутатқа Индустриалды аймақта орналасқан Hyundai Trans Kazakhstan зауытының алдағы жоспары таныстырылды.

Сондай-ақ мультибрендтік зауыттың дәнекерлеу, жинау, пластик бөлшектерді бояу цехтары және бөлшектер қоймасы көрсетілді. Бүгінде кәсіпорында 1300-ге жуық адамды жұмыс істейді. Зауыттың жылдық қуаты – 50 мың автокөлік. Оның ішінде көліктің 5 түрі 4%-дық жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы бойынша көпшілікке қолжетімді.

Азат Перуашев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Былтырғы жылы мен осы



зауытта болғанмын, содан бері тағы бірнеше жаңа линиялар ашылды, жаңа өзгеріс бар, әрине өте ризамыз. Бұл саланың біріншіден болашағы бар, бірақ Президент айтқандай кейбір заттарды қолға алып өзіміз шығаруымыз керек, бірнеше саланы осы жолмен үлгі ретінде алып дамытуға болады деп ойлаймын.

Ал Түркістан облысына жұмыс сапарымен барған Мәжіліс депутаты Ерлан Әбдиев білім ұясының құрылыс сапасымен танысып сын айтты. Айтуынша Түркістан қаласында 2 мың бала білім алатын «Жайлы мектепте» бір ғана лифті қарастырылған. Ол аздық етеді. Сонымен қатар, депутат, мүгедектігі бар азаматтар үшін білім ошағының кіреберісіне электр кө-

тергіш емес, пандус кою керектігін айтты. Себебі электр көтергіш 3-4 айдан кейін істен шығуы мүмкін. Ал төтенше жағдай немесе жарық сөніп қалған кезде оның іске алғысыз болып қалатынын ескертті. Мәжіліс депутаты бұл кемшіліктерді Үкіметке депутаттық сауал ретінде жолдамақ.

Ерлан Әбдиев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Бірінші кезекте бұны жеткіземіз. Өйткені бұл менің өзім үшін де, мүгедектігі бар адамдар үшін де маңызды нәрсе. Өзім инженер болғандықтан бұны жақсы түсінемін. Осы бағыттағы жұмыстардың өзгермеуін мен сұрайтын, талап ететін боламын.

qazaqstan.tv/news/

ЖАСТАР КЕҢЕСІ ҚАТАРЫ ЖАҢА МҮШЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Ақ жол» демократиялық партиясының Абай облыстық филиалы жастар кеңесіне Шәкәрім университетінің белсенді студенттері Ақбота Ертарғынова мен Жансая Аскерова қабылданды.

Жаңа мүшелерді жастар кеңесінің төрайымы Бинүр Ахатқызы арнайы құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Жастар кеңесіне қосылған әрбір жас – қоғамның дамуына, әділеттілікті насихаттауға және

демократиялық құндылықтарды нығайтуға үлес қосады. Бұл – жастардың белсенділігін арттырып, жаңа бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған маңызды қадам.

Абай облыстық филиалы

Абайды оқу бір басқа да тану бір басқа... табыну бөлек әңгіме... Өйткені, Ибраһим біз әлі түсінбеген, тілін білмеген, ескермеген, елемеген, ұқпаған, ұға алмай жүрген дүниелерді баяғыда қағазға түсірген екен. Сонау 19 ғасырда Шыңғыстаудың етегіндегі Құнанбайдың қара баласы қиырда жатқанмен көңілі Еуропамен Петерборда болған сияқты... Жай жатпай, замана ақындарымен үндес болғанына риза боласың... Бұл кезең Ресей жерінің кеңейген, сонау қиыр Шығыс пен Кавказды Орта Азия мен Қазақ жеріне әбден енген кезі. Бұл уақыт орыс әдебиетімен мәдениетінің жауыннан соңғы қозы құйрықтай мол да мәуелі шағы-тын. Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Достоевскийлердің артына мол мұра қалдырған кезеңі.



ШЫҢ БАСЫНДА – ҚОС АҚЫН...

Абайдың, әсіресе, өзегі өзіне жақын танымы мен толғағы ұқсас тәңір қосқан, «Татьянасы ортақ» Пушкинмен рухани жақын болғанына таң қаласың... тамсанасың...

Менің жазбам тарихи зерттеу, болмаса әдеби талдау емес. Бұл — әдеби сыншылардың алаңы. Менің түйгендерім тек режиссерлық көзқарас. Сондықтан да әдебиет көшесіндегі «әкімдерден» артық кетсем... сөге-жамандамаса деймін.

Жақында ойламаған жерден А. Пушкиннің «Элегиясын» қайта қарауға тура келді.

Эрине, Александр Сергеевичтің ұлы ақын екеніне дау жоқ. Оның ұлылығы философиясында, дәлірек айтсам, лирикалық пәлсапасында.

Безумных лет угасшее веселье,
Мне тяжело, как смутное похмелье.
Но как вино-печаль минувших дней,
В моей душе чем старе, тем сильней.
Я путь уныл. Сулит мне труд и горе,
Грядущего волнуемое море...

Ал енді Абайға келейік:

Есінде бар ма жас күнің,
Кімді көрсен — бәрі дос,
Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?

Элегия... Лирикадағы бұл жанр поэзияда, музыкада баршылық. Баянсыз махаббаттың мұны... бірте-бірте ақынды сара ала сағыныш пен өзекті өртеген шерге бөлейді. Өзінің жастық атты бекеттен байқамай түсіп қалғаны қынжылтады... қинайды... Сондықтан да сал ақын сағым қуған дүниеге сыймай барады...

Элегия көп ақындарда кездесе бермейтіні рас. Әсіресе, коммунистік кезеңде совет елінде элегияға орын жоқ деген қағида болған.

Екі ақында да өткенге деген сара ала сағыныш... сары самаурынның қақпағынан төгілген ыстық судай кемеріне сыймай тұр. Өткенді кимастық бар. Екеуі де поездың терезесінен «қол бұлғап» қала берген бағаналар тәрізді. Тек санадағы жалт-жұлт еткен жарықтай. Мұхтар Құл-Мұхаммед айтпақшы «Перекличка гениев», болмаса «Ұлылар үндестігі». Олар өткен жастық шағын... кімді көрсен бәрі дос балаң кезді... махаббат қызық... мал мен бақ — мастықты, ұйқысыз түндер мен алаңсыз таңдарды аңсайды... Иә, дәл солай... қазіргідей ақ таңға асыққан албырт жүректердің ақшаға мән бермейтін мәрт кезі...

Болар ма сондай қызық шақ?

Бұл сұрақ емес... Бұл өкініш... Адамның балалығын, балғын кезін сағынғандай... болмаса көрші үйге қонаққа келген балауса қыздың саған ұрлана қарап жымығанындай немесе әлгі арудың алысқа тым жыраққа біржола кетіп бара жатып соңғы рет саған қарағанының көрінісі...

Поэзияның құдіреті кез келген оқырманды баулап алуында. Ақынның өлеңі таң ертеңгі таңғы шықтай мөлдір болса әр үйдің терезесінен сәуле боп кіреді, нұрын шашады... Сондықтан да ШЫН ақын — досың... сырласың... серігің... Лүпілдеген жүрегіңнің соғысы іспетті.

Құдай-ау, кайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар...

Абай өткен жылдарды емес махаббатын іздейді, қымбатына ах ұрады...

жанына жақын, жүрегіне жылы «құрғыр» сезімдерін сағынады. Бір ауыз сөзде қаншама сыйластық, сағыныш жатыр...

Иә.. Абай суреткер... Тек бояудың орнында СӨЗ арқылы сурет салады... Қиыннан қиыстырған ер данасы... Қаранызшы:

Ақырын, ақырын шегініп...

Осы сөйлемде «ақырын» сөзі екі рет қайталанып тұр. Бұл ақын сөзінің аздығы емес — молдығы. Теңіздегі толқынның қайтқанындай... қайталанады... Өзі айтқан... алдыңғы толқын ағалар кейінгі толқын інілер...

Алға қарай жылжиық.

Пушкин:
Но не хочу, о други, умирать;
Я жить хочу, чтоб мыслить и страдать;
И ведаю, мне будут наслажденья
Мож горестей, забот и тревоженья:
Порой опять гармонией упьюсь,
Над вымыслом слезами обольюсь...

Бұл жердегі «вымысел» сөзінің мағынасын өнер мен өлеңнен іздеген жөн... Иә, солай. Пушкин өлімнің заңдылығын біле тұра өлгім келмейді.. Я жить хочу мыслить и страдать...дейді...

Біздің Абай:
Жалынасың, боктайсың,
Сағынасың, жоқтайсың
Махаббат кетті, дос кетті,
Жете алмайсың, тоқтайсың.
Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, сабыр қылайын
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап сынайын...

Жүрегі кеудесіне сыймаған ақын бір сәт пендешіліктің емес, адамдықтың шыңына өрмелеп шығып Құдаймен тілдескендей... тіл табысқанындай... сы-

бырласқандай сырласқандай... Бұл хақим Абай емес ақын Абайдың биіктігі.

Шың басында қос ақын тұр. Олар беймәлім таныс достар. Екеуі де рухани үзеңгілес. Екеуі де зар заманда запыран ішкен қос мұңлық... Оларға ортақ Табиғат пен Тылсым күш... Поэзия хәм Философия... Ойшыл оғландар...

Баяғыда бір жазғаным еске түсті... «У гениев не бывает национальности». Шыны солай... Адамзатқа Күн ортақ, Жер ортақ.. Су ортақ және Дана ақындары ортақ.

Алайда, осы жерде екі ақын қос өзеннің бөлінген сағасындай... Еділ мен Жайықтай екіге айрылды...

Егер Пушкин өмірінің соңғы сәтінде... бәрінен қалған көңіліне махаббаттың сәулесі тағы бір рет жарқ ететініне үміттенетін болса...

Абай «Көзіме жас бер жылайын... шыдам бер сабыр қылайын» деп Құдаймен тілдеседі... Құдды Пайғамбар... Абайды осы сәтте Желмаяға мініп жеруіңіз іздеген Асанқайғы дерсің. Болмаса қобызын қолына алып тіршіліктің тамызғысын қалай тауыспауға болар деп Ажалмен арпалысқан Қорқыт па дегің келеді...

Амалсыздан Асқар Токпанов айтқан әңгіме еске түскен...

Бірде бір жазушы Жамбылдан «Тәте, Абай қандай ақын?» деп сұрағанда: «Тәйт әрі, қызынды ұрайын! Абай ақын ба екен... ол Пайғамбар ғой... деген екен» әңгіменің болғаны рас...

Ал біздің Абай өз философиясын осылай қалыптастырады. Әлемде Сократ салған пәлсапа соқпағында талайлардың ізі жатыр... Ал маған жақын бізге етене таныс ...ол — Абай философиясы.

Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұлшак қыз болмай ма?
Махаббат ғалаутпен майдандасқан..
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?..
Абай философиясы осылай.

Шыңғыстаудан жоғары ұшып сонау көк аспанға... иә, ғарышқа беттеген... Құдды қайран елі қазағының көңіліндей тым асқақ тым биік...

Талғат ТЕМЕНОВ,
профессор, кинорежиссер,
Қазақстанның Халық артисі

IS-SHARA

АБАЙ МҰРАСЫ – МИНСКІДЕ

Беларусь астанасы Минск қаласындағы Янка Купала атындағы Мемлекеттік әдеби музейде Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының арнайы көрмесі ашылды.

Көрме ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Экспозицияда ұлы ойшылдың түпнұсқа

шығармалары, тұрмыстық заттары және оның рухани-шығармашылық мұрасына қатысты жәдігерлер қойылған.

Шараның ашылуына Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Тимур Жақсылыков, Беларусь Мәдениет министрінің бірінші орынбасары Дмитрий Шляхтин, сондай-ақ бірқатар мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында жазушы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы»

роман-эпопеясын беларусь тіліне аударған Михаил Поздняков музейге шығарманың арнайы нұсқасын сыйға тартты.

Абайға арналған бұл көрме Қазақстан мен Беларусь арасындағы мәдени ынтымақтастықтың маңызды оқиғасына айналып, ұлы ойшылдың мұрасын насихаттауға және халықтар арасындағы мәдени байланысты нығайтуға бағытталды. Экспозиция бір ай бойы жалғасады.

qazaquni.kz



Қуанышты сезіммен оянған Жидегүл сонда он бір, он екі жаста болса керек. Оқу озаты, балалардың «Ұлан» газеті мен «Ақ желкен» журналына алғашқы өлендері жариялана бастаған. Осы түсінің мәні бірнеше жылдан кейін университеттің журналистика факультетіне қабылданғанда айқындалды. Дәл сол түсіндегі көшелер, көп қабатты үйлер — Алматы қаласы, зәулім сарай — Қазақтың мемлекеттік университеті, журналистика факультеті екінші қабатта боп шықты. Ал, бірінші қабатта кідіргені — бірінші жылы шығармашылық конкурс мерзімінен кешігіп, кәдімгідей әбгерленгені. Қазір есімі елімізге белгілі ғалым радио, тележурналистика, тікелей эфирдің қыр-сырын студенттерге үйретіп, талай оқулық, кітаптар жазып, ақындығы және бар, жан-жақты қабілет иесі Жидегүл Әбдіжәділқызының балауса кезіндегі сол бір түсінің кинодағыдай ап-анық, салынған суреттегідей бояуының қанықтығы сонша, қанша уақыт өтсе де күні бүгінгідей көз алдында сақталған.

Міне, балалық шағында түсінде көрген сол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде отыз жылға жуық саналы ғұмыры өтіп келеді. Еліміздің білім және журналистика саласына еңбегі сіңген ұстаз, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Жидегүл Әбдіжәділқызының 60 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттық контенттің даму тенденциялары» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар-тренинг өтіп, ұстаздары, әріптестері, шәкірттерінің тілі, пікірлерін естіп, құрметке бөленген сәтіне мен де куә болдым.

Телерадиожурналистер мен журналистика мамандарын даярлайтын білім ордасындағы оқытушы-профессорлардың талайын тәрбиелеген ұстаз Намазалы Омашев «Өндірістік журналистика өз алдына бір әлем, ал ғылыми журналистика өз алдына бір әлем. Осы ретте Жидегүл Әбдіжәділқызының филология, журналистика және мәдениеттану саласындағы мамандарға, студенттерге және жалпы оқырман қауымға арналған «Тележурналистика» оқулық ұлттық тележурналистиканың кезек күттірмейтін нақты проблемаларын атын атап, түсін түстеп көрсетеді. Оны шешу жолдарын білім беру саласындағы жаңартылған педагогикалық технологиялар кешеніндегі негізгі бағыттардан іздейді» деп атап өтті. Иә, ақпарат кеңістігінің айрықша бір саласы тележурналистиканың хал-күйіне баға беріліп, ондағы кезек күттірмейтін өзекті мәселелерді шешу жолын, тележурналист даярлаудың тың жолдарын ұсынған оқулық студенттердің қазақ тіліндегі осы оқу құралы бойынша оқуына мүмкіндік жасады.

Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай Жидегүл Әбдіжәділқызының қажырлы еңбегіне тоқталып, Сүлеймен Демирел университетінің ректоры Әлімжан Игенбаевтың арнайы жолдаған құттықтау хатын оқып берді. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Жүргенов атындағы Кино тарихы мен теориясы кафедрасының доценті Алма Мұратқызы семинар барысында ұстазы туралы лебізін білдіріп, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының, Филология ғылымдарының докторы, профессор Құрманбаева Алмагүл Алиевна «Тұран» университеті құттықтауларын жеткізді.

Семинарға қатысқан ЮНЕСКО журналистика және коммуни-



ЖАС ТІЛШІЛЕР БАҒБАНЫ

Балалық шақта көрген кейбір түстің тұтастай тағдырды айқындайтыны да ұшырасады.
— Алтыншы класта оқып жүргенде көрген түсімді ешқашан ұмытпаймын, — дейді Жидегүл Әбдіжәділқызы, — ауылда тұрдық, тіпті, сыртқа шығып, қала көрген емеспін. Түсімде көп қабатты үйлерді, кең көшелерді аралап жүрмін. Мұндай да керемет болады екен ғой деймін қатты таңырқап. Көп қабатты зәулім сарайға жақындап, табалдырығынан аттаймын. Бірінші қабаттың есік алдындағы кісі кітапхана жәшікшелері тәрізді қаз-қатар тізілген картотекаларды тез-тез саусақтарымен ақтарып, мұқият қарап, менің фамилиямды іздейді. Орнымнан қозғалмай біршама кідірдім. Әлден уақытта «Бү жерде жоқ екен, өте бер, тұрма мұнда, екінші қабатқа көтеріл» дейді бұйыра сөйлеп. Жалт-жұлт әйнек, есік, терезелер, бәрі таңсық, ертегі сияқты, сөйтіп екінші қабатқа жеттім...

кация кафедрасының меңгерушісі Орынтай Ошанова әріптесінің ғылыми еңбектерін жоғары бағалап: «Жидегүл Әбдіжәділқызының «Тікелей эфир табиғаты» атты оқулығында қазақ тікелей эфирінің теориясы тұнып тұр. Жидегүл апайдың кітабын оқығанда, менің таң қалғаным, телевидениедегі термин сөздерді (синхрон, стэндап, зкт) қазаки мақамда аударып шыққан. Сол сөздерді теріп алып, терминологиялық сөздік шығарсақ деген ойымыз бар» — деп жүрекжарды тілегін білдірді.

Мерейлі жасқа толуына орай бастауыш сыныпта білім берген Жаңатұрмыс орта мектебі ұстаздарымен қауышып, «Мамандық тандау тандау — маңызды қадам» деген тақырыпта кәсіптік бағдар кәсіптік бағдар сағатын өткізіп, 60 кітап тарту етті. Кездесуде келешекке көпір салған Амангелді атындағы орта мектебі (директоры Ералиева Назым Есалықызы) мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті арасындағы ынтымақтастық меморандумға қол қойылды.

Кайтыс болған інісі Өнербек Нұрбаев кезінде накышына келтіріп орындайтын «Жаңатұрмыс» (өні мен музыкасын жазған

тық — сазды таңғы көңілашар бағдарламасы эфирге шығып, жоғары рейтинг көрсетіп, бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Телерадиожурналистикада абыройлы еңбек етіп келе жатқан шәкірттерінің пікірлеріне назар аударайық.

Торғын Төлегенқызы:

— Студенттік жылдары мені қызындай көріп, қаншама жақсылық жасады. Талай рет үйіне шақырып, дастарханын жайды. Тіпті, Санкт-Петербург қаласына шақырып, экскурсия жасаған. Апайымның сүйікті шәкірттері көпбіз. Қазір журналистикада жан-жақта қызметтеміз. Ұстаздыққа жан-тәнімен берілген жан, бүгін адал еңбегі ақталып, «Фараби» алтын медалін алып жатыр екен. Сізді шын жүректен құттықтаймын! Бұдан да

*Ғалым, ұстаз, тәлімгер
Жидегүл Әбдіжәділқызы туралы сыр*

Қойшыман Тәженов) осы орта мектептің әнұранына айналды. Әнұранның ескерткіш тақтасын ашу бақыты туған ауылындағы әліппені үйренген мектебімен арнайы кездесуге барған Жидегүлге бұйырды.

Жеті жыл бойы арманына жеткеніне сендірген Аманкелді орта мектебінің аяулы ұстаздары, класс жетекшілері Сара Мақұлбаева мен Байман Ережепбаев ағайы ұжымымен бірге алдынан шығып, Амангелді Имановтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, мемориалды тақтада есімдері жазылған ізгі ұстаздарымың рухына тағзым етті. Кездесу аясында екі таудың ортасында өскен еңлік гүл тәрізді күй кешіп, Алматының мектептерінен еш кем түспейтін ауылындағы білім ордасын көріп қуанып қайтқаны рас.

Еңбек кітапшасында жазылған екі мекеменің бірі Қазақ радиосы. Журналистика факультетінде оқыған алғашқы семестрден табалдырығына тәу етіп кірген радиода қабілетін дамытты. «Біз сол уақытта «Репортер 6» мен «Репортер 7» диктофонын көтеріп, жаңалықтың соңынан жүгірсек, Жидегүл де қатарымызда репортерлік пен тілшілікті қатар атқарып, медиатілшінің алғашқы мектебінен өтіп, «Гүлдәурен» атты радиожурналдың жұмысына белсенді араласты» деп еске алды белгілі медиаменджер Нұржан Жалауқызы.

Университетті аяқтап, 1988 жылы Қазақ радиосының Ақпарат Бас редакциясында журналистік қызметін бастады. Тікелей эфирдегі «Тәулік тынысы» бағдарламасының жүргізуші-комментаторы, 1998-жылдан «Хабар» радиосы Ақпарат қызметі бас редакторының орынбасары болды. 1999 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетіне ауысты. 2005-2006-2007 жылдары ҚазҰУ-дағы дәріскерлік қызметімен қатар, Қазақ радиосының Музыкалық хабарлар Бас редакциясының Бас редакторлығын қатар атқарды. Ж.Әбдіжәділқызының ұсынысымен «Жаңа күн» ақпарат-

биік марапаттарға жете беріңіз! Еңбегіңіз бағалана берсін! Алыста жүрсем де, Сізді жиі еске алып, амандағыңызды тілеймін!

Жазира Әбіл:

— Ұстазым Жидегүл Әбдіжәділқызын алғаш рет 1999 жылдың қыркүйегінде ҚазҰУ-дің журналистика факультетінде радиожурналистика негіздері пәнінде көрдім. Шапшаң қимылдайтын, арқалы апайым кірген бойда Фариза Оңғарсынова жайлы мақала жазуға тапсырма берді. Поэзия падишасы туралы көсіліп жазсам керек, апайға бірден ұнады. «Ақын туралы тамаша жазыпсың, батыс жақтан болсаң, өткірлік қандарында бар «Алмас қылышым!» деді. Сөйтіп факультетке 1-курс-тан-ақ «Алмас қылыш» атанып кеттім. Жидегүл апайым оқу бітіргенде диплом жетекшім болып, батасын беріп, үлкен өмірге аттандырды. Бұл атау журналистік жолымда да пайдаға асты. Газеттерге бүркеншік атпен жазғанда «Алмас Қылыш» деген псевдониммен танылдым. Содан бері 25 жыл өтсе де, ұстазым кейінгі шәкірттеріне сол «Алмас қылышын» мақтап жүреді екен. Ұстаз, бір ауыз сөзіңіз мені қанаттандырды. Өмірде тот басып жатпауға, өткір, шыншыл болуға жетелеп келеді.

Айсұлу Съезхан:

— Мектеп қабырғасында жүрген кезімнен жетектеп келе жатқан ұстазым Жидегүл Әбдіжәділқызы апайыма алғысым шексіз! Бармаңқұловтың тәлімін алған аяулы ұстазыммен мақтанамын! Жидегүл апай мені білікті маман ғана емес, өмірдің қалтарысына шыдас беретін адам қылып тәрбиелеуде!

Мұндай жүрекжалды лебіздердің онын, жүзін жалғастыруға болады. Кешегі және бүгінгі шәкірттерінің арасына алтын көпір орнатадағы тәжірибесі өзалдына. Бір кезде өзінен дәріс алған, «Тележурналистиканың сатиралық жанрлары» тақырыбында диплом жұмысын жазып, магистрлік диссертациясын 2013 жылы қорғаған, талай жыл «Көреміз» бағдарламасын жүргізген Руслан Өтепбайды зертханалық сабағында сұхбат

беріп, студенттермен ой бөлісуге шақырса, «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің жетекшісі Арман Әубәкірге журналист болуды армандаған Қарақат Дүйсен сияқты мектеп түлектерін демеп жіберуін өтініп, ұдайы жақсылыққа дәнекер боп жүреді.

«Жидегүл апайдың «Шығармашылық емтиханға дайындық» атты шеберлік сағаты тағылымға толы, берер пайдасы алтынмен пара-пар» деп Биболат Бегалы айтқанындай мектептерде «Сөйлеу техникасы», «Сөйлеу әдебі», «Камера алдындағы сөз», «Микрофон алдындағы сөз», «Жазу өнері», оқушыларға «Әссе жазудың негізгі принциптері» туралы кеңес беруін жүйелі түрде жалғастыруда. Мұның нақты іздері ширек ғасырға жуық жарық көріп келе жатқан республикалық балалар журналы «Балбұлақ», танымдық медициналық «Дертке дауа» газет беттерінде көрініс тапқан. Осы уақыт аралығында біз жүздеген жасөспірімнің шығармашылық қабілеттерінің оянып, шындалуына әсер еттік. Күні бүгінге дейін және келешекте де жалғаспақ тынымсыз да тегін көмегіміз.

2021 жылы құрған «Денсаулық ТВ» ютуб арнасы журналистика факультеті үшін медициналық журналистика бағытындағы кәсіби біліктілікті арттырудың алғашқы сатысы еді. Профессор Шарман Алмаздың нақты мысалдарға негізделген медициналық профилактика жайындағы тұжырымдарынан ой түйіп, эпидемиолог Гауһар Мергенованың эпидемиологиялық мәліметтерді ғылыми сипатта түсіндіру тәсілдерімен танысып, медициналық журналистика кеңістігіндегі дүниетаным көкжиегін кеңейту мүмкіндігіне қол жеткізді. С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті ұйымдастырған «Медициналық журналистика» курсы мазмұнды сипат алды. Профессор-эпидемиолог Сәкен Әміреевтің қазіргі әлемді жайлаған індет туралы дәрісі шынайы пікір алмасуға ұласты. Әр кезеңдегі осындай ізденістері шәкірт тәрбиелеуде өз жемісін беруде. Көпшілікті қажетті медициналық ақпаратпен қамтамасыз етіп, салалық журналистиканың ғылыми-стратегиялық жоспарын әзірлеп, оқу бағдарламасына енгізудегі еңбегі ерен. Жидегүлдің талай шәкірті он бес жыл ішінде «Дертке дауа» танымдық медициналық газетінің объектісі әрі субъектісі боп, кәсіби біліктілікті арттырудың алғашқы сатысынан өтті. Студенттермен бірігіп жұмыс істеу барысында медициналық журналистерді даярлаудың маңызы да айқындалып отыр. Дәл қазір журналистика факультетінің 3 курсын аяқтаған шәкірті Ұлдана Нурадин тәжірибе жинақтап, денсаулықты сақтауға байланысты тақырыптарды игеруде.

Ал, «Балбұлақ» республикалық балалар басылымын дайындап, журналист болуды армандайтын талапкерлерді баулуда Жидегүл Әбдіжәділқызы қалыптастырған мектеп бар. Әрбір оқушымен ерекше жұмыс жүргізу тәсілі ұнайды өзіме. Соның арқасында көптеген жас тілшілеріміз мақсаттарына жетіп, журналист атанды, Әсел Ақтөреевадай енді ғана оқуға оның көтеріңкі бау. Бұған жыл сайын оның жетекшілігімен дипломдық жұмыстарын сәтті қорғап, білікті мамандарға айналған жүздеген шәкірттерін қоссақ, Жидегүл Әбдіжәділқызының ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі бейнесі айқын көрінеді.

Мағира ҚОЖАХМЕТОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

2 сентября 2024 года глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм», где социальной защите населения, в целом социальным вопросам уделено огромное внимание.

БОЛЕЕ ПОЛОВИНЫ БЮДЖЕТА — НА СОЦИАЛЬНУЮ СФЕРУ

В жизни страны многое решает каждодневная кропотливая, рутинная работа всех государственных органов и граждан на своих местах, и в Послании президента были затронуты темы, касающиеся всех казахстанцев. Формат Послания имел конкретные целевые задачи, а также четко отмеченные способы их достижений, и направлены на дальнейшее развитие государственной политики, экономики и социальной сферы.

Республика Казахстан — социально ориентированное государство, социальное обеспечение — это конституционная обязанность государства по отношению к социально уязвимым слоям населения.

Особенность Послания президента 2024 года в том, что оно сразу начинается с социальной политики государства:

«Огромное внимание уделено социальным вопросам, в особенности защите детей. Принят закон, предусматривающий выплаты детям из Национального фонда. Введена административная ответственность за вовлечение несовершеннолетних в азартные игры. Ужесточено наказание за любые формы насилия в отношении несовершеннолетних. Вступил в силу закон по вопросам обеспечения безопасности детей, профилактики и пресечения преступлений в отношении женщин и детей.

Не секрет, что сейчас многие граждане имеют по несколько кредитов. Это крайне актуальная проблема, которая, без преувеличения, представляет опасность для нашего общества. Поэтому в данном направлении также были приняты специальные законы.

В целом, было предпринято немало системных шагов, нацеленных на повышение благополучия народа».

Социальная защита населения является неотъемлемой и важнейшей функцией любого государства.

Несомненно, социальная защита — это шаг на благо людей, представляющий собой комплекс мер государственной поддержки, направленных на обеспечение доступа к основным жизненным благам и защиту граждан от социальных рисков, таких как безработица, болезнь, старость, инвалидность. Она обеспечивает «подушку безопасности» в кризисные периоды и способствует снижению бедности и социального неравенства, укреплению института семьи, являясь неотъемлемым правом человека в современном мире.

В Послании президента озвучена существенная деталь социальной политики государства — об увеличении социальных расходов, а также о введении спецвыплаты в вредных производствах, о выплатах детям из «Нацфонд — детям» и др.:

«Государство последователь-



ПОСЛАНИЕ — 2024: БОЛЕЕ ПОЛОВИНЫ БЮДЖЕТА — НА СОЦИАЛЬНУЮ СФЕРУ

но наращивает социальные расходы с учетом необходимости поддержки уязвимых категорий граждан. Сейчас более половины государственного бюджета идет на социальную сферу. Для поддержки семей с детьми увеличен срок выплаты пособий по уходу за ребенком с одного до полутора лет.

С начала текущего года введены спецвыплаты для лиц, занятых на работе с вредными условиями труда. Стартовал масштабный проект «Нацфонд — детям», в рамках которого более 300 млрд тенге из доходов Национального фонда были распределены на счета 7 млн детей. Однако следует признать, что сейчас меры поддержки предоставляются без учета реальных доходов граждан. Нередко их получают состоятельные семьи, вовсе не нуждающиеся в такой помощи. Нужно усовершенствовать инструменты поддержки населения с учетом данного аспекта. Поручаю Правительству с начала следующего года внедрить механизм «социального кошелька».

Государственная поддержка должна быть ориентирована на действительно нуждающихся в ней граждан. Иначе говоря, необходимо, чтобы социальная помощь оказывалась на принципах справедливости, открытости и эффективности».

Для сравнения: в Российской Федерации из бюджета на социальную сферу выделяют около 20% всех расходов государства.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

И в Послании президента Казахстана были озвучены основные направления социальной политики, в частности, поддержка семей с детьми, развитие системы здравоохранения и образования, строительство школ, повышение уровня жизни населения через создание новых рабочих мест и достойной оплаты труда, повышение престижа рабочих профессий, программы

социальной поддержки малообеспеченных семей, улучшение инфраструктуры в регионах, увеличение доходов населения и др.

По инициативе президента запустили общенародную программу «Нацфонд — детям» с перечислением 50% ежегодного инвестиционного дохода Нацфонда на накопительные счета детей до достижения ими 18 лет; ежегодно перечислять не менее 7% от чистого дохода фонда «Самрук-Қазына» в общественный фонд «Қазақстан халқына».

Начиная с 2024 года, средства по программе «Нацфонд — детям» можно использовать только по достижении 18 лет на два основных направления: улучшение жилищных условий (покупка жилья, первоначальный взнос по ипотеке, полное или частичное погашение ипотечного займа), оплата образования (оплата обучения в вузах Казахстана и за рубежом, а также пополнение образовательных депозитов).

За 2023 год было начислено по \$100,52 на каждого ребенка, а за 2024 год — по \$129,38. Всего за 2 года реализации программы было начислено \$232,94 на одного ребенка. С 1 февраля 2024 года по 1 августа 2025 года выплачено \$16,51 млн 126 468 гражданам РК, достигшим совершеннолетия.

И, конечно, не осталось в стороне развитие среднего образования: именно на это нацелен новый национальный проект «Комфортная школа».

Как сказал глава государства: «Огромную роль в укреплении кадрового потенциала страны играет среднее образование. По моему поручению реализуется национальный проект «Комфортная школа». До конца 2025 года планируется сдать в эксплуатацию 217 школ современного формата. Данный вопрос крайне актуален и находится на контроле фонда «Самрук-Қазына». Правительство и акимы должны активно подключиться к этой работе. Полагаю, депутаты тоже не останутся в стороне. Для комфортных школ Правительство должно предусмотреть отдель-

ную систему управления».

Всего в рамках нацпроекта «Комфортная школа» предусмотрено строительство 217 школ нового формата на 460 тысяч учебных мест. Уже построено 105 современных школ. До конца 2025 года планируется завершить строительство еще 112 объектов. В новых школах предусмотрены просторные классы, мастерские, спортзалы, лаборатории и условия для инклюзивного образования.

Нацпроект «Комфортная школа» позволит решить ряд проблем, основная из них — полностью решить проблему аварийных и трехсменных школ, а также создание современных образовательных пространств,

отвечающих всем требованиям, ликвидация дефицита учебных мест, сокращение разрыва в качестве образовательной инфраструктуры между городскими и сельскими школами.

ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ — ПОВЫШЕНИЕ ДОХОДОВ ГРАЖДАН

Особое значение имеет инициатива президента Касым-Жомарта Токаева объявить Год рабочих профессий, а также реформировать системы технического и профессионального образования, решить кадровые вопросы и т.д.

Из Послания президента: «Объявляю 2025 год Годом рабочих профессий. За это время предстоит осуществить реформу системы технического и профессионального образования. Год рабочих профессий будет также содействовать продвижению в нашем обществе идеи трудолюбия и профессионализма.

Необходимо, чтобы люди, добившиеся успеха честным, усердным трудом, всегда пользовались уважением и почетом. Это полностью согласуется с нашим принципом «Ответственный гражданин — Честный труд — Заслуженный успех». Ценности трудолюбия и профессионализма в нашем обществе должны быть всегда на первом месте. Именно благодаря специалистам своего дела формируется новое качество нашей нации. Поэтому мы продолжим принимать последовательные меры для повышения статуса человека труда».

Цель этого решения — повысить престиж рабочих специальностей, провести реформу системы технического и профессионального образования, решить кадровые вопросы в экономике страны, а также укрепить в обществе ценности трудолюбия и профессионализма. В рамках Года рабочих профессий в Астане планируется создать Национальный центр компетенций для поддержки студентов и повышения квалификации кадров.

В 2025 году проводится комплекс мер по реформе системы технического и профессионального образования (ТиПО), повышению его престижа и привлечению молодежи. Планируется ввести новые образовательные программы, увеличить количество грантов на технические специальности, проведение чемпионатов профессионального мастерства, таких как TurkicSkills, внедрение новых образовательных программ, учитывающих потребности рынка труда и стандарты WorldSkills и повысить заработную плату рабочим, чтобы сделать эти профессии более привлекательными.

Планируется проведение первого чемпионата TurkicSkills в

Актау для обмена опытом между тюркоязычными государствами.

Для привлечения молодежи принято решить жилищные вопросы для представителей рабочих профессий, таких как горняки, металлурги и строители, через специализированные программы, например, «Наурыз жұмыскер».

Будут проводиться мероприятия по улучшению профориентационной работы со школьниками для информирования об актуальных требованиях рынка труда и карьерных перспективах, а также модернизация материально-технической базы образовательных учреждений и повышение квалификации педагогов.

Организуются интерактивные мероприятия для демонстрации специфики различных рабочих профессий, например, фестиваль «Город рабочих профессий».

К тому же корпоративным фондом «Медиа дамыту қоры» при поддержке Министерства культуры и информации РК и Министерства труда и социальной защиты населения РК с 1 августа 2025 года объявлен приём заявок на конкурс журналистов, посвященный Году рабочих профессий.

Главная цель конкурса — показать граждан, ставших образцом для подражания своим добросовестным трудом, популяризация рабочих профессий и их деятельности, ценностей трудолюбия и профессионализма.

Президент в своём Послании определил главную цель правительства в социальной сфере — это повышение уровня доходов населения:

«Правительство и акимы должны уделить особое внимание вопросу изменения структуры экономики, предусмотреть новые механизмы, направленные на обеспечение устойчивого прогресса страны. Главная цель — повышение уровня доходов граждан. При правильной организации работы это вполне осуществимо».

ТОРҒАЙДА ТОЛҒАНДЫРАР
МӘСЕЛЕ КӨПТорғай өңірінен толыққанды
сапарнама

Бұрын жазғанымыздай, биыл депутаттардың жазғы ел аралауында ең бірінші Қостанай-Торғай өңіріне жұмыс сапарымен барып, бірқатар аудандарда тұрғындармен кездестік.

2025 жылы 1 шілде күні таңертең көмекшім, заңгер, тіл жанашыры Жасұлан Иса екеуміз, яғни екі Иса қасиетті Торғай даласына тартып кеттік. Таңғы сағат 8-де, кезінде өзіміз парламентте депутаттық сауал жасап, бірнеше рет мақала жазып жүріп, ақыры нәтижеге жетіп, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының атын алған Қостанай әуежайына аман-есен қондық. Қостанай облысы әкімінің орынбасары Бакытжан Нарымбет бауырымның өзі қарсы алды. Қасында «Ақ жол» партиясы Қостанай облыстық филиалы белсенділері бар екен.

Бакытжан бізді бірден облыс әкімдігіне апарып, ғимарат алдындағы алаңнан болашақ Міржақып Дулатұлы ескерткіші орнайтын жерді көрсетті. Ыңғайлы жер екен. Міржақып көшесі мен Тәуелсіздік көшелері қиыласатын жерде. Жанында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті бар, оның алдындағы алаңда Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ескерткіші тұр. Тағы бір жағында Торғайдағы қазақтың алғашқы мектебінен Алаш көсемдері тәлім алған тұңғыш ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің ескерткіші тұр. Яғни, келісті кешен, айшықты ансамбль деп, ауыз толтырып айтатын Алаш алаңы болғалы тұр... Міржақып ескерткішінің нұсқаларын да қарап шығып, мамандығы суретші ақын ретінде өз ұсынысымды білдірдім.

Университет мандайшасындағы «Ахмет Байтұрсынұлы» деген айқын жазу көзіме ыстық көрініп кетті. Оның себебі де бар. 2022 жылы Аханның 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде тойланғанда алғашқы тұсаукесері 28 ақпанда Қостанайдағы Ахмет Байтұрсынов университетінде басталған болатын. Сол жиынға арнайы шақырылған біз Ұлт зиялылары қауымы алдында сөйлеген сөзімізде «Ахаң атындағы университет атының «Байтұрсын» болуы қате, «ов» жалғауын алып тастау керек» деп ұсыныс жасаған болатынбыз.

Бұл туралы Қостанайлық журналист Қыдырбек Қиысханұлы 2023 жылы 26 қазанда фейсбук парақшасында келтірді.

«Ұстазым, академик Зұлқарнай Алдамжар осыдан 30 жыл уақыт бұрын дәл осы оқу ордасын Ахаң есімімен аталсын, «Байтұрсынұлы» университеті болсын» деген хатпен үкіметке хат жолдағанда, ұзақ уақыт шешім шықпай, әрең дегенде жоғары жақ «Байтұрсынов» деп бекітіп жіберген деп естелік кітабында жазған болатын.

Ал былтыр 2022 жылы 28 ақпанда Ахаң тойының ашылуына Қостанайға арнайы келген Алаштың жоқтаушысы, белгілі ақын, ҚР Парламентінің депутаты Қазыбек Иса ағамыз университеттегі Ұлт зиялыларының алқалы жиынында да, біздің облыстық «Қостанай таны» газетіне сұқбат берген кезінде де бұл мәселені баса айтты:

— Біздің парламентте көтерген депутаттық сауалымыз бойынша көптеген ұсыныстардың ішінде облыс орталығындағы әуежайға



«АЛАШТЫҢ АТЫН ДЕГЕН ШЕКЕСІ ТАР ШЕНЕУНІКТЕР

• «ОРТАЛЫҚ-БАТЫС» КҮРЕ ЖОЛЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?!

• «ӘУЛИЕ АТТАҒАН ОҢБАЙДЫ...»

• ҰЛТ КӨСЕМДЕРІНЕН ЕЛІМІЗДЕ ЖЕРЛЕНГЕНІ –

• ЖАЛҒЫЗ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

• 1989 ЖЫЛЫ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ СҮЙЕГІ КАРЕЛИЯДАН ТАБЫЛДЫ.

• МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ҚЫЗБЕЛДЕ ТУЫП-ӨССЕ, ОНЫҢ КЕСЕНЕСІ НЕГЕ БҰЛ ЖЕРДЕН ДЕ 50 ШАҚЫРЫМДАЙ АЛЫС ЕҢ ШЕТТЕ, БИДАЙЫҚ АУЫЛЫНДА ТҰР?

• ҰЛТ КӨСЕМІ МІРЖАҚЫП ТОЙЫ ЕЛДІГІМІЗДІ КӨРСЕТЕТІНДЕЙ ЕРЕКШЕ БОЛУЫ ТИІС!

• «ОЯН, ҚАЗАҚ» ДЕП ҰРАН ТАСТАҒАН ҰЛТ КӨСЕМІНЕ ЖАСАЙТЫН ҚҰРМЕТІМІЗГЕ ҚАРАП, ОЯНҒАН-ОЯНБАҒАНЫМЫЗ БЕЛГІЛІ БОЛАДЫ!

• ТОРҒАЙ ТОЙҒА ДАЙЫН БА?!

• ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕДІ...

• ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ АУЫЛЫНА БАРАР ЖОЛ ҚАШАН БІТЕДІ?!

• АХАҢ АУЫЛЫНДАҒЫ АРДАҒЕР МАҒАН НЕГЕ ӨКПЕЛЕДІ?!

• «ҚАЗЫБЕКТІ КӨРІП, ҚАЗАҚТЫ КӨРГЕНДЕЙ БОЛДЫМ» – АУЫЛ АҚСАҚАЛЫ

• 2 МЫҢ ШАҚЫРЫМНАН АСҚАН САПАРЫМЫЗДА АЛАШ КӨСЕМДЕРІ АХАҢ МЕН ЖАҚАҢ ТУҒАН ТОРҒАЙ ӨҢІРІНДЕГІ ЕКІ КҮНДІК САПАРДА 630 КМ ЖОЛСЫЗ, ҚАРА ЖОЛМЕН ЖҮРУГЕ ТУРА КЕЛДІ.

• «ӘУЛИЕЛЕРГЕ БАРСАҢ, ҰЗАҚ ЖҮРІП, ҚИНАЛЫП БАРУ КЕРЕК» ДЕГЕН ОСЫ ЕКЕН! ЗИЯРАТЫМЫЗ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілу туралы ұсыныс та өз қолдауын тауып жатыр. Әуежай әкімшілігі өз келісімін берген, қазіргі күні осы мәселенің шешілуі үкіметтік деңгейде қарастырылып жатыр. Сонымен бірге бір айта кетерім, мынау университеттің алдындағы «Ахмет Байтұрсынов» деген тегіндегі «ов» жалғауын алып тастау керек. Алаш көсемдері Ахаң, Әлихан, Міржақыптар өз тектерінің «ов» жалғауымен жазылуына қарсы болған, ол туралы

мақалалары да бар — деді халық қалаушысы.

Енді міне, ұлттық мүддені қорғаушы, ұлтшыл зиялылардың ұтымды ұсыныстары өмірге жолдама алды.

Алаш жасасын! — деп жазды.

Алдымен Қостанай облысы әкімі Құмар Ақсақаловпен кездесуде өңір басшысы облыстың экономикалық-әлеуметтік жағдайымен таныстырды. Торғай өңірі үшін ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда жариялаған



Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз жолдарын қосатын «Орталық-Батыс» күре жолының маңызы зор екенін атап өтті. Алаш көсемі Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына дайындық барысын әңгімеледі. Алаш көсемдері Ахаң мен Жақанның басында болып, Арқалық-Торғай өңіріне баса назар аударып отырғанын айтты.

Қостанай өлкесіне сапарымызда ең алдымен Алаш көсемдері туған Торғай өңіріне баратын болып, атқа міндік.

Ең алдымен биылғы 140 жылдығына байланысты Тәуелсіз Қазақ елі үшін құрбан болған Алаш көсемдерінің бірі, ақын-ағартушы, XX ғасыр басындағы ұлттық сана-сезімді оятқан зор рухани манифест «Оян, қазақ!» жыр ұранының авторы Міржақып Дулатұлының кесенесі тұрған Жангелдин ауданы Бидайық ауылына баратын болдық.

Жолбасшыларымыз Қостанай облысы әкімінің орынбасары Бакытжан Нарымбет, Жангелдин ауданы 7 жарым жыл басқарған, қазір облыс әкімінің кеңесшісі Шота Оспан. Бакытжан мен Шота бауырымыз қордаланып тұрған барлық мәселемен жолай таныстырып келеді. Бакытжанды Батыс Қазақстан облысы әкімі кезінде жақсы идеолог ретінде сырттай білетінмін, әуежайда алдымнан шыққанда қуанып қалдым.

ЖОЛ АЗАБЫН
ЖҮРГЕН БІЛЕДІ...

Биыл 2025 жылы 26 маусымда «ҰЛТ КӨСЕМІ МІРЖАҚЫП ТОЙЫ ЕЛДІГІМІЗДІ КӨРСЕТЕТІНДЕЙ ЕРЕКШЕ БОЛУЫ ТИІС!» атты Алаш көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы, ағартушы Міржақып Дулатұлының 140 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, ақын Қазыбек Исаның ҚР Премьер-Министр О.Бектеновке жолдаған депутаттық сауалын еске сала кетейік:

— «2021 жылы Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын ЮНЕСКО бойынша тойлау туралы депутаттық сауалымызда «Тәуелсіздік рухында тәрбиеленген кез келген әкім Қостанай өңірін басқаруға келгенде ең алдымен Алаш көсемдері

Ахаң мен Жақанның туған жеріне барып, Ұлттың ұлы тұлғаларына тағзым етуі жазылмаған заң. Алты жылдан бері облыс әкімі Аханның ауылына ат ізін салмаған. Қазір Алаш көсемдерінің ауылына баратын жол жоқ!» - деп жазып едік. Ал қазір қалай екен тарихы терең, тағылымы ерен Торғай өңірінің?!» деп жазған едік.

Тағы да қайталаймыз, әлем бойынша елулікке кірдік деп, екпіндеп, қырықтықты қырып тастап, енді отыздыққа кіруге омыраулап отырған, Тәуелсіздігіне 34 жыл толатын Қазақ Елінде ұлт көсемдерінің туған жеріне баратын жол жоқ әлі. 1992 жылы кірпіші қаланған Міржақып Дулатұлының кесенесі мен мұражайы тұрған Бидайық ауылына апаратын жол, яғни Тоқанай-Саға-Алтынсарин автомобиль жолы да әлі бітпей жатыр. Жолдың 0-15 шақырымына қиыршық тас төсеу арқылы ресайклинг әдісімен орташа жөндеу жұмыстары биыл 15 тамызға дейін жүргізіліп бітеді деп отыр ел үміттеніп. Жолдың 15-34 шақырымында орташа жөндеу жұмыстары биылғы сәуір айынан бастап жүріп жатыр.

Біз жазда маусым айында хабарласқанда осы жолдың 49-88 шақырымына, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін конкурстық рәсімдер өтуде деген. Бұл жолға орташа жөндеумен шектеліп, қиыршық тас төсеу жұмыстары

ғана жүргізіледі, негізі осы жолға толық асфальт төселсе, жақсы болар еді деп отырған халық талабы өте орынды. «Сонда 40 шақырым жерге қиыршық тас төселетін болса да, оның өзіне конкурстық рәсімі әлі бітпесе, енді қашан басталмақ ол жол?! Тойға дейін үлгере ме?» — деген едік депутаттық сауалымызда.

Яғни, сол кезде қауіп еткеніміздей, Торғайдан Ұлт көсемдері Ахаң мен Жақан кесенелеріне баратын жолды көрсеңіз, нағыз «жол азабы — көр азабы» дегенге көзіңіз жетеді. Жолға шығардан екі-үш күн бұрын «Мен Торғайға жолға шыққалы жатырмын, жолбасшы болам дейтіндерге жол ашық» деп желіге жаздым. Міржақып Дулатұлының сүйегін елге әкелуге атсалысқан азаматтардың бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, белгілі журналист Қайсар Әлім көкеме хабарластым. Ол кісі сырқатта-



АЙТҚЫЗБАЙМЫН»

ҚАЗІР ҚАЙДА ЕКЕН?!

нып қалғанын айтып, жолсерікке жарайтын бауырларын бар деп, Арқалықтағы арқалы ақын Айбек Қали мен музей директорының орынбасары, айтыскер Батырлан Сағынтайдың аттарын атады. Осы қоғам қайраткері Рашиля апайымыз бастаған Торғай өңірінің азаматтары ең алдымен жол мәселесін айтып, жанбырдан кейінгі мибатпаққа айналған жолда батып қалған жеңіл көліктердің видеосын чатқа салып жатты...

Бір тәуірі, біз барған кезде күн ашық болып, жол құрғақ болды. Оның үстіне мінгеніміз жол талғамайтын қуатты көліктер болғасын, ондай ойдым жерлерден өту онша қиынға түскен жоқ. Бірақ жеңіл көліктерге оңай болмайтын жол...

Мен 2023 жылы Қазақстандағы күрделі жол мәселесі туралы сауал жасағанда айтып едім: «XXI ғасырда Еуропадан шыққан көліктер Қазақстанға келгенде XIX ғасырдың жолына түсіп кетеді... Жол мәселесіндегі сөзімізді осылай бастауға тура келеді. Иә, «Көрмегенім Қазақстанның жолдары болсын» дейтін шетелдік көлік жүргізушілер көп... Атырау мен Астрахань арасындағы жыр болған 100 шақырымдай жол әлі бітетін түрі жоқ. Дәл осы жолмен жүргендер оның азабын айтып тауыса алмайды. Көрші елдің соғыстан қашқан қашқыны Атыраудың жолында қиналғанда, «Бұлай жол азабын көргенше, соғыста өліп, көр азабын көргенім жақсы екен» ғой, дегені ащы шындық...» — деп едім.

Алаш көсемдерінің ауылына баратын жолда осы сөздерім еріксіз еске түсті...

Үлкен жолдан «Бидайыққа» бұрылар бұрылыста бізді Жангелдин ауданы әкімі Дінмұхаммед Бидаш бастаған Торғайлықтар қымызы мен бауырсағын алып шығып, әуелеген әнмен қарсы алды. Жолдан шаршап келе жатқан біздің көңіліміз көтеріліп шыға келді.

Жол бойында жасалған тақтада Торғайдағы жол мәліметтері

тұр екен. Қостанай облыстық жол басқармасы басшысы Алмас Есенжолов Торғай өңіріндегі салынып жатқан жолдардың жағдайымен таныстырды.

Депутаттық сауалымызда атап өткендей, «Тоқанай-Саға-Алтынсарин автомобиль жолының 49-88 шақырымына, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін конкурстық рәсімдер өтті ме, әлі созылып жатыр ма?» деген сұрағымызға «Конкурс өтіп, мердігерлер анықталып, жұмысқа кірісіп жатыр» деп жауап берді.

Ең бастысы — бұл Міржақып пен Ахмет кесенелеріне апаратын жолдар Ұлт көсемінің 140 жылдық тойына дейін бітеді ме, бітпей ме? Бізді мазалаған бұл басты сұраққа «Жолды тойға дейін бітіреміз» деген сенімді жауап алдық. Лайым, солай болсын деп, сенгіміз-ақ келеді.

Оқырмандар да Торғай өңіріндегі Жангелдин ауданы бойынша автожол саласының жағдайына көз жеткізу үшін жол туралы ресми мәліметті келтіре кетейік.

Жангелдин ауданы бойынша автожол саласының 2025 жылға жоспарланған жобалары бойынша мердігерлерді анықтау үшін жүргізілген конкурстық рәсімдер

1. Аудандық маңыздылығы бар «Тоқанай-Саға-Алтынсарин» автомобиль жолының 0-15 шақырымдар учаскесіне жанадан 3 су өткізгіш құбырларын орнатумен және қолданыстағы жол материалдармен жаңа материалды (қиыршық тас) қосу арқылы ресайклирование әдісімен орташа жөндеу бойынша участокке материалдар, арнайы техникалар жеткізіліп, жол төсемінің биіктігін қалпына келтіру және жол жиектерін нығайту жұмыстары жүргізілуде. Нысанның жалпы құны — 623 млн. 631 мың 317 теңге. Мердігер «Лидер Строй 2002» ЖШС Арқалық қаласы. Жобаның аяқтау мерзімі 30 тамыз 2025 жыл.

2. Аудандық маңыздылығы бар «Тоқанай-Саға-Алтынсарин» автомобиль жолының 15-34 шақырымдар учаскесін қолданыс-

тағы жол материалдармен жаңа материалды (қиыршық тас) қосу арқылы ресайклирование әдісімен орташа жөндеу жүргізіліп толығымен аяқталды. Нысанның жалпы құны — 531 млн. 301 мың 890 теңге. Мердігер «Мелоян Саак Ваникович» ЖШС Қостанай қаласы. Жобаның аяқтау мерзімі — 30 шілде 2025 жыл

3. Аудандық маңыздылығы бар «Тоқанай-Саға-Бидайық» 49-51 шк және «Саға-Бидайық» 11-13 шк, 21-22 шк, 30-37 шк автокөлік жолының учаскесін қиыршық тас төсеу арқылы ағымдағы жөндеу бойынша мердігер анықталды «ЛюксДорСтрой» ЖШС Қостанай қаласы. Нысанның жалпы құны — 226 млн. 400 мың теңге. Жобаның аяқтау мерзімі — 30 тамыз 2025 жыл.

4. Жангелдин ауданы Саға ауылындағы М. Дулатова көшесі 0-0,88 шк автокөлік жолын орташа жөндеу бойынша мердігер «Бейсен-1» ЖШС Торғай ауылы. Нысанның жалпы құны — 79 млн. 358 мың теңге. 6 учаскеде жанадан су өткізгіш құбырларын орнатылып, жол жиектерін нығайту жүргізілуде. Жобаның аяқтау мерзімі 10 тамыз 2025 жыл

5. Жангелдин ауданы Бидайық ауылындағы Тәуелсіздік көшесі 0-1,01шк автокөлік жолын орташа жөндеу бойынша мердігер «Бейсен-1» ЖШС Торғай ауылы. 88 млн 752 мың теңге. Қазіргі кезде материалдар жеткізілуде. Жобаның аяқтау мерзімі 20 тамыз 2025 жыл

7. Жангелдин ауданы Саға ауылындағы Жеңіс көшесі 0-0,26 шк, Тәуелсіздік көшесі 0-0,55 шк, Ғ. Әмірханұлы көшесі 0-0,563 шк, Күдері ақын көшесі 0-1,12 шк, М.Дулатов көшесі 0-0,7 шк автокөлік жолын орташа жөндеу бойынша мердігерді анықталды «NBS construction» ЖШС Петропавл қаласы. Нысанның жалпы құны — 280 млн 841 мың теңге. Жобаның аяқтау мерзімі — 30 тамыз 2025 жыл

2025 жылғы көктемгі су тасқыны салдарынан бұзылған аудандық маңыздылығы бар «Шұ-

балан-Қарасу» А.Байтұрсынұлы ауылы бағытындағы автомобиль жолында 5 учаскеде жол төсемдерін және 2 учаскеде жанадан су өткізгіш құбырларын орнату үшін облыстық бюджет есебінен 53 млн. 583 мың теңге бөлініп жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда жұмыстар 100% атқарылды. Мердігер «Алюминстрой» ЖШС Арқалық қаласы. Жобаның аяқтау мерзімі — 10 шілде 2025 жыл

2024-2025 жылдарға жоспарланған ауыспалы жобалары бойынша:

1. 2024-2025 жылдарға «Шұбалан-Қарасу» А.Байтұрсынұлы ауылы бағытындағы автомобиль жолының 57,6-107,6 (50 шк) шақырымдар учаскесін қиыршық тас жабындысымен профильді түзету су өткізгіш құбырларды орташа жөндеу жұмыстарына облыстық бюджет есебінен 1 млрд. 202 млн. 434 мың оның ішінде 2024 жылға 256 млн. 452 мың теңге, 2025 жылға 924 млн. 094 мың қаржы қарастырылды. 2024 жылы 96,8 шақырымда екі көзді (4*2,5) су өткізгіш құбыры салынып, 96,65-97,05 (0,4 шк), 103,2-107,6 (4,4 шк) шақырымдар учаскелерінде жол төсемінің бейіктігін қалпына келтірілді. Сондай-ақ 100,8-107,6 (6,8 шк) учаскелерінде негізгі бағыт бойынша қиыршық тас төсеу және жол жиектерін нығайту жұмыстары атқарылды. 2025 жылы 103,2-95,9 (7,3 шк) шақырымдар учаскелерінде жол төсемінің бейіктігін қалпына келтіре отырып қиыршық тас төселіп және жиектерін нығайту жұмыстары жүргізілуде. Мердігер «Алюминстрой» ЖШС Арқалық қаласы. Жобаның аяқтау мерзімі — 30 қараша 2025 жыл.

Бұл бізге берілген ресми мәлімет бойынша «2024-2025 жылдарға «Шұбалан-Қарасу» А.Байтұрсынұлы ауылы бағытындағы автомобиль жолының 57,6-107,6 (50 шк) шақырымдар учаскесін қиыршық тас жабындысымен профильді түзету мен су өткізгіш құбырларды орташа жөндеу жұмыстары» биыл 2025 жылы 30 қарашада бітуі керек. Сонда бекітілген үкімет жоспары бойынша осы қыркүйек айында өтетін Міржақып тойына келген жұрт Ұлт ұстазы Ахмет Байтұр-

сынұлы басына баратын болса, қалай барады?!

Бұл жолдан баскасының барлығы 2025 жылы 30 тамызға дейін аяқталуы тиіс! Осы маңызды 7 жол жобасының қайсысы өз мерзімінде орындалғанына құдай қаласа, қыркүйектің аяғында Ұлт көсемі Міржақып Дулатұлының 140 жылдық тойына барғанда көз жеткіземіз.

**ҰЛТ КӨСЕМДЕРІНЕН
ЕЛІМІЗДЕ ЖЕРЛЕНГЕНІ —
ЖАЛҒЫЗ МІРЖАҚЫП
ДУЛАТҰЛЫ**

Жолда Қызбел ауылы маңайында Міржақып Дулатұлының кіндік қаны тамған Асқар күзегіне соғып, құран оқып, тағзым еттік. Ұлт көсемі дүниеге келген киелі орынды жайнатып, жарқыратып-ақ қоятын жер, амал жоқ енді...

Түске жақын Ұлт көсемі Міржақып Дулатұлының кесенесі орналасқан Бидайық ауылына да жеттік. Кесене басында бес-алты құрылысшы жұмыс істеп жүр. Яғни, депутаттық сауалымызда айтқандай, Бакберген Өтеулин бастаған Жаканның ұрпақтары күрделі жөндеу жүргізіп жатыр екен. Музейді де қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. «Алаш көсемі Міржақып тек өз туыстары үшін күрескен жоқ, ұлт үшін, қалың қазақтың болашағы үшін, Алаш үшін айқасып, құрбан болды. Сондықтан, Міржақып кесенесіне де, музейіне де үкімет қолдау жасауы тиіс деп білеміз.» деген сөздеріміз еске түсті.

Міржақып бабамыздың басына тағзым етіп, құран бағыштадық. Бұдан соң қазіргі уақытта бой көтеріп жатқан мұражай құрылысымен таныстық. Бұл нысан Ұлт көсемінің өмірі мен еңбегіне арналған тарихи-мәдени орталыққа айналмақ.

1989 жылы Міржақып Дулатұлының сүйегі Карелиядан табылды. Қызы Гүлнар Дулатованың бастамасымен міржақыптанушы ғалым Марат Әбсемет, «Егемен Қазақстан» газетінің белгілі журналисі Қайсар Әлім, кинорежиссер Қалила Омар және тб қатысуымен 1992 жылы Қазақстанға, туған жері Торғай даласына әкеліп, арулап жерлене болатын. Міржақып Дулатұлының кесенесі мен мұражайының кірпіші Бидайық ауылына 1992 жылы қаланған. 2016 жылы Міржақып атындағы мұражай мен кесенені «Әділет» ЖШС қайта жаңартып, сыртын заманауи кірпіштермен көзге қанық етіп өргізген.

Мұражай екі қабатты. Жоғарғы қабатында Міржақып Дулатұлының замандастарымен, отбасымен түскен және өзінің естелік қабырға суреттері, түскіздері мен тұтынған көне заттары бар. Ал бес жұлдыз — бабамыздың Соловецк лагеріндегі қабірінің басына қойған белгісі. Мұны ұрпақтары 1992 жылы арулап әкеліп, мұражайға ескерткіш ретінде тапсырған.

Мұражай мен кесененің арақашықтығы — 70-80 кадам. Осы аралықты төсеніш тастармен жалғаған. Мемориалды мұражайда ақынның қызы Гүлнар тапсырған суреттер, жол сөмкесі, күміспен қапталған белбеу, т.б. киелі жәдігерлер бар.

Бидайық ауылының тұрғындарымен кездестік.

Ауыл тұрғындары көтерме жолдардың сапасы, ішкі көшелерге асфальт төсеу, интернет пен ұялы байланыстың әлсіздігі секілді мәселелерді көтерді.

(Жалғасы 10-11-беттерде)

(Басы 8-9-беттерде)

— Алаш көсемі жерленген киелі мекен — Бидайық ауылының тұрғындары, сіздер ең бақытты жандарсыздар. Өйткені, Қазақтың Тәуелсіздігі үшін күресіп, ел болашағы үшін саналы түрде құрбан болған Ұлт көсемдерінен Әлихан Бөкейхан Ресейде атылып, зираты Мәскеудегі Дон қорымында қалды. Алматыда атылған Ахмет Байтұрсынұлының сүйегі қайда екені әлі белгісіз... Мұзбалақ Мұстафа Шоқайдың сүйегі Германияда, Берлинде жатыр... Қабірі сонау Карелиядан табылып, өз елімізге әкеліп жерленген жалғыз Міржақып Дулатұлының киелі кесенесі сіздердің ауылдарыңыз Бидайықта. Биыл өтетін Ұлт көсемінің 140 жылдық мерейтойының шапағаты еліне, сіздерге де тиюі тиіс.

Көтерілген барлық мәселелер біздің жігі назарымызда. Бұл тұрғындардың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін маңызды түйткілдер болғандықтан, тиісті мемлекеттік органдарға жолданып, өз деңгейінде шешімін табуы үшін бақылауға алынады, — деп, ауыл тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Жолда кешке жақын Міржақыптың өзі туып-өскен Қызбел ауылына арнайы ат басын бұрдық. Жол мен көше шарбақтарын ретке келтіріп жатқанынан тойға дайындық байқалады.

Ауыл әкімі Қайсар Нұрғазин ауыл тарихын баяндап берді.

«Міржақып Дулатұлы Қызбелде туып-өссе, оның кесенесі неге бұл жерден де 50 шақырымдай алыс ауданның, тіпті облыстың ең шетінде, Бидайық ауылында тұр?» - деген көкейде тұрған сұрағымызды қойдық.

— 1992 жылы Міржақыптың денесін Карелиядан әкелгенде Кеңес одағы тараған ең бір қиын кезең еді. Сонда дұрыс жұмыс істеп тұрған осы Бидайықтағы жалғыз шаруашылық еді. Сондықтан облыс, аудан басшылығы ел ағаларының «Міржақып сүйегін өзінің туып-өскен ауылы Қызбелге жерлейік» дегеніне көнбей, сол кезде «жақсы жұмыс істеп тұрған шаруашылығы бар Бидайыққа жерлейміз» деп шешкен дейді. Қазір ол шаруашылықтың орнында әр жерде шашыраған оншақты үй ғана қалған. Алаш арыстарының азабы мен көрер қиындығы Тәуелсіз елде де біте қоймаған екен ғой деп күрсіндік...

2021 жылы депутаттық сауалымызда талап еткендей, Ахмет Байтұрсынұлы ауылына интернет барды. Енді биылғы жылы Міржақып Дулатұлының туған жері Қызбел ауылдық округіне интернет жеткізілуі керек.

Қазақ Елі Тәуелсіздігі жолындағы ғасырлар бойғы жанқиярлық күрестердің ішінде Алаш Орданың орны айрықша!

Орта Азияда алғашқы заманауи саяси партия құрып, Алаш автономиясын жариялап, Алаш Орда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш арыстары Азаттық жолындағы ұлы күресте ұлт болашағы үшін саналы түрде құрбандыққа бара білуімен қандай құрметке де лайықты.

Басты Ұраны — Жерді сатпау, Елді сақтау, Тілді сақтау болған Алаш арыстарын ұлықтауды ҚР Президенті Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында бастап берді: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында Тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп,



«АЛАШТЫҢ АТЫН ДЕГЕН ШЕКЕСІ ТАР ШЕНЕУНІКТЕР

азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек» — деп, атап көрсетті.

Біздің үкімет Президенттің осы тапсырмасының үдесінен шығып жүр ме?

Жалпы, биыл 34 жылдығы тойланатын Тәуелсіз Қазақстанның парламенті тарихында Алаш аты, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы есімдері ең бірінші рет 2007 жылы Алаштың 90 жылдығында «Ақ жол» партиясының депутаттық сауалында аталды. Ал 2012 жылы «Ақ жол» фракциясы құрылып, партия Алаш бағдарламасын қабылдағалы бері Алаш арыстарының аттарын мәңгілік есте қалдыру шаралары мен қалаларда Алаш аллеяларын ашуды тұрақты ұсынумен келе жатырмыз. Жалпы Алаш туралы «Ақ жол» партиясы фракциясы 30-ға жуық депутаттық сауал жасадық.

Парламентте тек 2021 жылы наурыз, сәуір айларында ғана екі айда екі рет «Алаш қайраткерлерін ұмыту — саяси әділетсіздік», «ЕЛІМІЗДЕ АЛАШ КӨСЕМІНЕ ЛАЙЫҚ БІР КӨШЕ ДЕ БОЛМАУЫ — ӘРУАҚҚА ҚИЯНАТ!» деп депутаттық сауал жасадық.

Онда XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының өңірлердегі қайраткерлерінің есімдері ұмыт қалып, ешқандай есте қалдыру шаралары жасалмай отырғаны айтылған еді. Анықталып жатқандай, ел ішіндегі елеусіз қалғандар тек Алаш қайраткерлері ғана емес, Әлихан, Ахмет, Міржақып секілді Алаш көсемдерінің өздері де лайықты ұлық-

талмай жатқанына көз жетіздік. Мысалы, Әлихан Бөкейхан атында еліміздің астанасынан бастап, барлық облыс орталықтарында да, үлкен қалаларда да ешқандай Алаш көсемінің атына лайықты көшелер жоқ екені анықталды.

Ал Тәуелсіздік алғанымызға 34 жыл болса да, Павлодар қаласында Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының атында бір көше жоқ, Петропавл қаласында да, Қарағандыда бір көше жоқ! Солтүстік Қазақстан облысында Ұлт көсемі Міржақып Дулатұлының атында да бір көше де, бір мектеп те болмауы нені білдіреді? Өзге ұлт өкілдерінің атауынан аяқ алып жүре алмайтын Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдері Алаш көсемдерін біле ме екен? Тіпті, қалың қазақ тұратын Ұлт ұясы — Ұлытау облысында Міржақыптың, Ақтауда Аханның атында бір көше де жоғына не деуге болады?

Міржақыптың енді салынатын ескерткіштері тек Қостанаймен, Алматымен ғана шектелмеуі керек! Түркі әлемінің ордасы Түркістанда, алғашқы астанамыз Қызылордада, барлық өңірде тұруы тиіс! Барлық облыс орталықтары мен қалаларда Міржақып атындағы көшелер мен мектептер, ескерткіштері міндетті түрде болуы тиіс.

Жақанның асыл мұраларын Түркі әлеміне насихаттау жұмысы жолға қойылуы керек.

«Қазақстан» ұлттық арнасы түсірген Алаш көсемдері туралы «Тар заман» (режиссер М.Бидос, 2017 ж.), «Ахмет. Ұлт ұстазы» (2022 ж.) мен «Міржақып. Оян, Қазақ!» (М.Есжан, 2023 ж.) телесериалдары қоғамда резонанс тудырып, ұлттық

сананы сілкіген шығармалар болды.

2023 жылы ел ағылып барып, жаппай, жарыса көріп жатқан «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін екі аптадан кейін тоқтатып қойғанда, «ОЯН, ҚАЗАҚ!»-дегенде 100 жыл оянбаған қазаққа бұл киноны 100 күн көрсету керек! Керісінше, жұрт үш күн бойы билет таппай жүрген бұл фильмді неге тоқтатып қойған?» - деп, мақала жазған едік. Сол кезде билік бірден қимылдап, шұғыл шешім қабылдады. Ел кинотеатрларында бар-жоғы екі апта ғана жүрген, қалың қазақ түгел көре алмай, көрермендердің рухты дүниеге рухани сусыны қанбай қалған «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі тағы екі аптаға ұзартылды. Егер жүз миллиондаған табыс түсіріп, кинопрокатта рекорд жасаған фильмге сұраныс күшейіп тұрса, екі ай бола ма, екі жыл бола ма, нарық талабына сай кинопрокатта жүре беруі керек емес пе еді?! Өйткені, қаншама миллиардтар шашылған «Рухани жаңғыру» сияқты сан бағдарламалардың сапасы жоқ сансыз шаралары оята алмаған ұлттық сана осы киномен оянууда!

Бұдан жүз жыл бұрынғы «Тар заман» емес, «Оян, қазақ» заманы ғой, қазір құдайға шүкір... Алаш қайраткерлері туралы осындай ұрпақтың ұлттық санасын оятып, патриоттық тәрбие беретін рухани құнды көркем фильмдер, телехикаялар түсіруді жалғастыра беру керек.

Ұлт тарихын ұлықтау — болашақ ұрпақ алдындағы борышымыз. Сондықтан да осындай ірі тарихи тұлғалардың мерейтойларын тиісті деңгейде атап өту — Әділетті Қазақстандағы әділеттің нақты көрінісі болар еді.

«Әруақ разы болмай, тірі жарымайды» деп өскен иманды ел емеспіз бе? Ұлыларын ұлықтай алмаған елдің болашағы күмәнді екенін ұмытпайық.

Қазақтың Ұлт жолындағы ұлы күрескері, өр ақын, қайсар қайраткер Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш арыстарының арманы бір ғасырдан кейін болса да, орындалғанын көру — ұлттың басты арманы!

Көзінді аш, Оян, Қазақ,

көтер басты!

Өткізбей қараңғыда бекер жасты...

Жер кетті, Дін нашарлап,

хал харап боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты!

Өткен ғасырдың басында, бір ғасырдан астам уақыт бұрын, 1909 жылы жазылған Міржақыптың мірдің оғындай рухты ұлы жыры осылай бүгін де зор қуатты болып тұр!

Биыл Парламентте депутаттық сауал жасағандағы ұсыныстарымызды еске сала кетейік:

1. Міржақып Дулатұлының кесенесі мен мұражайы тұрған Бидайық ауылына апаратын жол, яғни Тоқанай-Саға-Алтынсарин автожолының орташа жөндеу мен шектеліп, қиыршық тас төсеу жұмыстары ғана жүргізілуде, негізі осы жолға толық асфальт төселуі керек. Ал жолдың 49-88 шақырымына, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін конкурстық рәсімдер шұғыл өтуі тиіс.

2. Бидайық ауылындағы Міржақып кесенесін күрделі жөндеуге үкімет қолдау жасауы тиіс.

3. Бидайық ауылындағы Міржақып Дулатұлы музейін қайта жаңғырту жұмыстары өз мерзімінде бітуі тиіс.

4. Биылғы жылы мерейтойға дейін Міржақып Дулатұлының туған жері Қызбел ауылдық округіне интернет жеткізілуі керек.

5. Саға ауылындағы Міржақып Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп ескі ғимаратта отырғандықтан, жаңа ғимарат салынуы керек.

6. Қостанай мен Арқалықта, Алматыда, барлық облыс орталықтарында Міржақып ескерткіші тұруы тиіс!

7. Арқалықтағы әуежайға Міржақып Дулатұлының атын беру керек.

8. Еліміздің астанасында Ахан мен Жақан атындағы Алаш Арыстары мұрасын кешенді зерттеу орталығын ұйымдастыру керек.

9. Міржақып шығармаларын мемлекеттік тапсырыс арқылы қайта басып шығару және мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізу;

10. Міржақып мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында деректі фильм түсіру және Алаш қайраткерлері туралы құнды көркем фильмдер, телехикаялар түсіруді жалғастыру;

11. Жақанның асыл мұраларын Түркі әлеміне насихаттау жұмысы жолға қойылуы керек.

**ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ
АУЫЛЫНА БАРАР ЖОЛ
ҚАШАН БІТЕДІ?!**

1 шілде күні кешке таяу былтырғы тасқында су басып қалған Көлқамыс ауылына бардық. Ауыл ақсақалы, осы Көлқамыс ауылының қазығын қаққан есімі елге белгілі еңбек ардагері 87 жастағы Кәкімжан Кәрібоз ағамызға барып сәлем бердік. Бұл ағамыз туралы белгілі қоғам қайраткері Ислам Әбіш көп айтып, бірге барамыз деп жүр едік, реті енді келді. Исекең де менің Торғайға баруыма орай келіп жеткен екен. Кәкімжан ағамыз өзі аралап жүріп, бізді ауылдың қазіргі жағдайымен таныстырды. «Қазақстан Халқына» жоры көмегімен бір қалыпты әдемі қонақ үйлер салыныпты. Облыс әкімшілігі қолдауымен салынған жаңа мектеп



те ауылға сән беріп тұр. Көктеп, көркейіп тұрған ауыл ажары көңіл тоғайтады. Кәкімжан ағадай саялы бәйтерек ауылдың берекесі мен тірегі болып келеді екен. Қариясы бар ауыл қазыналы ауыл деген сөздің растығына көз жеткіздік.

2025 жылы 2 шілде күні таңертең Торғайдағы Ахаң мен Жақан мұражайына бардық. Білікті маман Гүлбану Сәрсекке басқаратын бұл мұражай дүниелерімен биыл Астанадағы Ұлттық мұражайда өткен Міржақыпқа арналған конференцияда танысқанбыз. Алаш көсемдерінен қалған көптеген киелі жәдігерлер өткен замандағы дүрбелең кезеннен сыр шертеді.

Торғайда Ахан оқыған Ыбырай ашқан мектеп бар екен.

Біз бала кезімізде аңыз болған Амангелді батырдың атымен бірге айтылатын Ұлт-азаттық көтерілісінің бесігі -Торғай дегенге

бастаған ауыл тұрғындары құшақ жайып қарсы алды. 2021 жылы ютуб арнасында таралған видеода Ахмет Байтұрсынұлы үйінің мүшкіл халін айтып күйзелген Торғайлық ардагер Әбдісәлік Жаксымбеков ақсақалдың жанайқайы ел назарын қатты аударды. Сол кезде мен Ахаңның 150 жылдығына байланысты Үкіметке «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын жолдағанымда осы Әбдісәлік ақсақал менің телефонымды өзі тауып алып, «Алаш арыстарын жоқтап, әділдік сұрайтын ерлеріміз қайда деуші едік, айналайын, бар екенсіңдер ғой?! Кешегі депутаттық сауалыңды біз жылап отырып тыңдадық. Елдің ризалығын жеткізу үшін, сенің телефоныңды жұрттан сұрап жүріп, тауып алып, хабарласып отырмын. Алла разы болсын! Енді осы сауалдарыңның нәтижесін Аханнның тойында көреміз. Құдай қаласа,

іздегенбіз» — деді ағамыз көңілі орнына түсіп.

— Маған ең ұнағаны сіздің «Тойға неге келмедің?» деп іздеп, өкпелегеніңіз көке? Тойда ел кімді іздейді? Кімге өкпелейді? Қалаған, көргісі келген, жанына жақын адамды іздейді. Өзім деген адамына өкпелейді.

— Ал, ендеше бауырым, сол өлеңінді Аханнның басында, мұражайында, өз аузыңнан естіік, оқып жібер, — деді Әбекен.

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Ұлықталар мәңгілік
Ұлт көсемі,
Ахаң десе, көңілден бұлт көшеді..
Алаш жырын кетті ғой аманаттап,
Азаттыққа ұмтылған жұрт кешегі..
Ұлықталар мәңгілік
Ұлт көсемі!

Қожайынның тіліне құлдар құмар,-
Табыт қана қамыттан айырады-ау!?

Тілім үшін неге ұзап барады дау?!
Саңлақтарым сана үшін
сан арыды-ау..
Кеткен кеше айдалып кемеңгерді,
Күтіп жатқан сарғайып дала мынау!..

Ұлт көсемі – Ұлтымның таза ары едің,
Аруының Аққұмның ғажап өңін,
Әнге бөлеп, тербеттің саз әлемін.
Орыс қызын аяулы қазақ еттің,
Ұлтсыз көсем ал біздің... жазар едім-
Орыс қылды отыз жыл Қазақ елін!

Тіл атасын тыңда елім, тыңда дала!
Негізгі ұлтым негізсіз мұңдана ма?!
Ел Тәуелсіз болғалы
өтті отыз жыл!-
Тіл Тәуелсіз болатын күн бола ма?!

Өз тіліне өгейлер,
өшікті құл...

Байтұрсын бабамыздың қараусыз қалған, аянышты күйдегі қабірі мен қорымын қолға алу керек» — деп, бұл мәселені көтерген едік. Әлі жол біткен жоқ, қорым да сол күйде...

Алаш көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының кесенелерінің күйін көргенде көңілің жабырқап кетеді.

Бізден басқа қай елде ұлт көсемдерінің кесенесі біздегідей жүдеу күйде екен?! Бізден басқа қай елде ұлт көсемдерінің кесенесіне баратын жол жоқ екен?!.

Алаш көсемдері саналы түрде құрбан болған Тәуелсіз Елдің 34 жылында еріксіз осылай ойлауға мәжбүр боласың...

Қазақ Тәуелсіздігі үшін баға жетпес зор үлес қосып, елді оятқан екі көсемнің кесенесін керемет етіп көркейтіп, жолын жарқыратып жөндеуге бүкіл қазынанан үстінде отырған Қазақ Мемлекетінің күші жетпей ме сонда?

Шетелден келген қонақтар Алаш көсемдерінің басына барамыз десе, қалай алып келеміз?!

Ата-бабасынан қалған мұра болмаса да, Қазақстанның бар байлығының жартысынан астамын, 55 пайызын иеленіп отырған 162 олигарх бастаған қалталыларымыз қайда?! Неге оларға міндеттеуге болмайды?! Айтпақшы, олар Алаш көсемдерін біледі ме екен өздері?!

Міне, Ұлттық идеологиядан жұрдай, рухымызды ойрандаған отызжылдықтың көрінісі!

Алаш арыстары ұлттың жоғын түгендеп өткен біртуар қайраткер Өзбекәлі Жәнібеков бастаған ұлт қайраткерлерінің арқасында 1988 жылы ғана ақталды. Бірақ ел Тәуелсіздік алған кезде де Алаш арыстарына қарсы биліктің тосқауылы тоқтаған жоқ.

Иә, Тәуелсіздігіміздің 30 жылында елордамызда Алаш көсемдеріне ескерткіш орнатылды!

Алаш арыстары өздері армандаған Тәуелсіз елдің астанасының төріне жайғасты!

